

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Тәуелсіз Қазақстанның негізін
қалаушы Тұңғыш
Президентіміздің тарихи ролін
ерекше атап өтуге тиіспіз.
Елбасы саясатының
сабақтастығы барлық іс-
шаралардың идеологиялық өзегі
болуы шарт.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының
Президенті.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



СЕНІМДІ ӘРІПТЕСТІК

Мемлекет басшысы
Дүниежүзілік денсаулық
сақтау ұйымының
Бас директорымен
кездесті

2

#ЕКПЕАЛ



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

30.11.2021

Түнде:



0+2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+7+9 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



**Желдің
жылдамдығы:
0-5 м/с**

1.12.2021

Түнде:



0-5 °C облыстың
солтүстігінде және
таулы аудандарда -10 °C
Жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+5+10 °C облыстың
солтүстігінде және таулы
аудандарда +2 °C
Жауын-шашынсыз.



**Желдің жылдамдығы:
9-14, Алакөл маңында
15-20, екпіні 23-28 м/с**

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Almaty
AQSHAMY


АРНАЙЫ НӨМІР

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №146 (6122) 30 қараша, сейсенбі, 2021 жыл.

ЕЛІН СҮЙГЕН, ЕЛІ СҮЙГЕН ЕЛБАСЫ

1 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні



Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

АЛМАТЫ

БІЗДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ АЛТЫН БЕСІГІ,
МЕМЛЕКЕТТІГІМІЗДІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ.

Қыдыр қонып, құт дарыған киелі қоныс, мұбарак мекен — Алматы! Биікке самғап,
қиырды шарлау, заманнан қалмай зымырай заулау — мына біздерге өзің берген
тәрбие, өзің көрсеткен өнеге, өзің тапсырған тарихи аманат!



СЕНІМДІ ӘРІПТЕСТІК

Мемлекет басшысы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының
Бас директорымен кездесті

Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Қасым-Жомарт Тоқаевтың Швейцария Конфедерациясына ресми сапары ДДСҰ Бас директоры Тедрос Адханом Гебрейесуспен кездесуден басталды.

Әңгімелесу барысында Қазақстан мен ДДСҰ арасындағы ықпалдастықтың өзекті мәселелері мен әлеуеті талқыланды.

Мемлекет басшысы Бас директорға еліміздің пандемияға қарсы іс-қимылдар жөнінде қабылдап жатқан шаралары, оның ішінде қазақстандық ғалымдардың корона-вирусқа қарсы әзірлеген препараттары мен халыққа жаппай вакцина салу жұмыстарының жүргізілу барысы туралы мәлімет берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тедрос Адханом Гебрейесуспен бұған дейінгі кездесулерін еске ала отырып, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Қазақстанның сенімді әріптесі екенін атап өтті.

– Біз Сіздің Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымын дамытуға қосқан үлесіңізді жоғары бағалаймыз. Өкінішке қарай, әлем күрделі кезеңді бастан кешіріп жатыр. Қазір коронавирустың жаңа штамы – «Омикрон» анықталды. Біз індетпен күресте әрдайым бірге болуымыз керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тедрос Адханом Гебрейесуске екінші жаңа QazCoVac-P вакцинасы туралы айтты. Аталған препарат клиникалық зерттеулер фазасына үміткер вакциналар тізіміне енгізілді. Президент қазақстандық вакцинаға қолдау көрсеткені үшін ДДСҰ басшысына алғыс айтты.

Мемлекет басшысы ДДСҰ-ның вакцинаға тең құқықты және әділ қолжетімділікті қамтамасыз етуге ұмтылысын толық қолдайтынын атап өтіп, қазақстандық вакцина-



ны мұқтаж елдердің бәріне ұсынуға дайын екенін айтты.

Кездесуде халықтың денсаулығын жақсарту үшін халықаралық күш-жігерді жұмылдыру қажет екені айтылды. Осы ретте Мемлекет басшысы денсаулық сақтау жүйесіндегі екі маңызды – алғашқы медициналық-санитарлық көмек пен денсаулық сақтау саласында көрсетілетін қызметпен халықты жаппай қамту бағыттарын біріктіру туралы ұсынысын жеткізді.

Тедрос Адханом Гебрейесус Қасым-Жомарт Тоқаевтың ДДСҰ-ның мақсаттары мен іс-қимылдарына, соның ішінде алғашқы

медициналық-санитарлық көмекті дамытуға байланысты бастамаларына бейілділігі үшін қолдау білдірді.

Ұйымның Бас директоры өз кезегінде Қасым-Жомарт Тоқаевқа коронавируска қарсы күрес жөнінде қабылданып жатқан шаралар, вирустың жаңа штамдары мен пандемияның одан әрі өршу сценарийіне қатысты болжамдар туралы мәлімет берді. Тедрос Адханом Гебрейесус өлімге соқтыратын осы аса қауіпті індетпен күресте вакцина салудың аса маңызды екенін атап өтті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

АЛМАТЫ ІСКЕРЛІК КЕҢЕСІ

ірі бизнесмендер үшін диалог алаңына айналды



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы Еркебұлан Оразалин Алматы қаласы әкімі жанындағы Іскерлік Кеңестің ынтымақтастықтың жарқын дәлелі екенін айтты. Өйткені, ол қолайлы бизнес-климатты дамыту үшін құрылған және әртүрлі салалардағы ірі бизнес өкілдерін – қаржы, бөлшек сауда, машина жасау, қонақүй мен мейрамхана салаларын біріктірді.

Бүгінде Іскерлік кеңестің құрылымында мегаполис үшін 7 басым бағыт бойынша 8 салалық комитет бар: «ақылды қала», шетсіз қала, бастамаларға арналған қала, қауіпсіз қала, «жасыл» қала, мәдени креативті қала, Қазақстанның іскерлік астанасы. Биыл 30-ға жуық отырыс өткізілді.

– Өткен жылы пандемия кезінде Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен Іскерлік кеңеспен тығыз өзара іс-қимыл жасай отырып, дағдарысқа қарсы қолдау шаралары әзірленді. Қолданыстағы мемлекеттік бағдар-

ламаларға бірқатар өзгерістер енгізілді – қаржыландыруды ұлғайту, салалық шектеулерді алып тастау, микро және шағын кәсіпкерлікті несиелендіру үшін жаңа бағыттарды енгізу, – деді Е.Оразалин.

Сондай-ақ, «Алматы бизнес» өңірлік бағдарламасына бірқатар өзгерістер мен толықтырулар қабылданды. Оның ішінде Алатау, Наурызбай, Жетісу, Түрксіб сияқты қаланың белсенді емес аудандарында бизнесті дамытуды ынталандыру мақсатында 6% республикалық біріздендірілген мөлшерлеме аясында оларға 5%-бен несие беру мүмкіндігі берілді.

Бұдан өзге, дағдарысқа қарсы шаралар аясында «Алматы Финанс» ЖШС және «Алматы» МҚҰ» ЖШС екі қаржы институтындағы сыйақы мөлшерлемесі жылдық 7%-дан 6%-ға дейін төмендетілді, ең жоғары сома 300 млн.-нан 500 млн. теңгеге дейін ұлғайтылды, кепілсіз несиелеу енгізілді және салалық шектеулер алынып тасталды.

Басқарма басшысының айтуынша, бүгінде Іскерлік кеңес өкілдері қаланы дамытудың ірі жобалары – Алматы қаласын дамыту тұжырымдамасын, Big Apple: Үлкен Алматы – реформалар локомотиві және т.б. жобаларды әзірлеуге және іске асыруға белсене қатысуда.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРҒА – 7 СЫЙЛЫҚ

Үздік жобаларды Іскерлік кеңес өкілдері мен қала меценаттары қаржыландырады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясы барысында Алматы қаласы Іскерлік кеңесінің «Ақылды қаланы» дамыту және инновациялық даму комитетінің төрағасы Елдар Әбдіразақов мәлімдеді.

Алматы қаласы әкімінің жанындағы Іскерлік кеңес бизнестің азаматтық бастамаларды қолдау және оларды дамыту үшін жағдай жасау бастамасын көтеріп отыр. Конкурс медицина және денсаулық сақтау, қазақ тілін дамыту және байыту, білім беру, мәдениет, инклюзия, азаматтық белсенділік, экология және мекендеу ортасы салаларындағы үздік әлеуметтік жобаларды қолдауға бағытталған. Үздік жобаларды Іскерлік кеңес өкілдері мен қала меценаттары қаржыландырады.

– Жобаларды іріктеу кезінде біз атаулылық, анықтық және ашықтық өлшемдерін сақтайтын боламыз. Сондай-ақ, Impact, яғни қамту және уақыт бойынша ықпал ету ауқымы, Originality – тәсілдемелігі бірегейлігі мен жетілуі, champion – қоғам үшін рөлдік модель, Change – қала тұрғындарының өмірін жақсартуға ықпал ету және Potential – кеңейтуге әлеуеттің болуы сияқты қағидаттар бар, – деп хабарлады Елдар Әбдіразақов.

Қазіргі кезде Іскерлік кеңестің қарауында 80-нен астам жоба бар. Бастамалар бойынша сұраулар мен ақпаратты social@k50.kz электронды поштаға жіберуге болады. Жеңімпаздарды марапаттау және чектерді тапсыру 2021 жылдың 12 желтоқсанында өтеді.

Брифингте Елдар Әбдіразақов Almaty Investment Forum 2021 өткізу туралы жариялады. Ауқымды іс-шара Іскерлік кеңеспен бірге екінші жыл қатарынан өтіп келеді. Биыл форум 2 желтоқсанда онлайн форматта өтеді.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Биыл қалалық қазынадан
«Еңбек» бағдарламасын
орындауға

13,8 млрд. теңге
бөлінді.



Шаһарда

3000-нан астам
көппәтерлі тұрғын үй
басқарудың
жаңа түрлеріне көшті.



Жыл сайын мегаполисте
колледждерде оқуға арналған

11 000-нан астам
грант бөлінеді.



Мүгедектігі бар балаларға
төленетін жәрдемақы

37%-ға өсті.



«Белсенді ұзақ өмір»
орталықтарында

23,4

мыңнан астам
алматылық зейнеткер
тіркелген.



ЖОБА

Ұлтты ана тәрбиелейді



Әсел
ДАҒЖАН

Елімізде «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» атты жоба жүзеге асырылмақ. Бұл туралы Алматы қаласы Аналар кеңесінің отырысында белгілі болды.

Елімізде «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» атты республикалық жобаны жүзеге асыру көзделіп отыр. Ол негізгі 15 бағыттан тұрады. Бұл туралы Алматы қаласы Аналар кеңесінің отырысында айтылды.

Басқосуда отбасылық құндылықтар кеңінен талқыланып, өзекті мәселелер сөз болды. Жиналғандар тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалар арасындағы суицидтың шығу себебі мен алдын алу жұмыстарын талқылады.

«Ұлтты ана тәрбиелейді. Сондықтан ананың негізгі миссиясы – тәрбие жұмысы. Аналар кеңесін құрғандағы негізгі мақсатымыз да сол еді. Себебі, тәрбие жұмысын міндеті ретінде алған республикалық қоғамдық бірлестіктің бірі және бірегейі – Аналар кеңесі», – деді ҚХА республикалық аналар кеңесінің төрайымы Назипа Шанаи.

Аналар кеңесі 2014 жылдан бері жұмыс істейді. Ел бойынша 1832 құрылымы бар. Бүгінде 13 мыңнан аса белсенді ана отбасында өзекті мәселелерді шешуге белсене атсалысып жүр.

ЭЛЕКТРОНДЫ ҚЫЗМЕТ

15 минутта үйлі боласыз



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Енді үйді онлайн сатып алуға болады және пәтерді небәрі 15 минутта рәсімдеуге мүмкіндік тумақ.

Елімізде жылжымайтын мүлікті тіркеу процестері цифрлық форматқа ауыстырылады. «Бұл блокчейн технологиясы арқасында іске асады. Жылжымайтын мүлік рәсімдеу үдерісіне тың технология енгізу – заман талабы» дейді мамандар.

Көпшілік біледі, бұрын пәтер сатып алу үшін апта-лап құжат жинауға тура келетін. Ал жаңа қызмет арқылы келісім-шартты бар-жоғы бір күнде рәсімдеуге болады. Тың технологияның артықшылығы сол, блокчейн деректерді біріктіру мен сақтауда ең қауіпсіз жүйе саналады. Бұл жүйе үй алу мерзімін қысқартып қана қоймай, сатып алушыларды құжат жинау машақатынан босатады.

Мамандар жылжымайтын мүлік нарығында мұндай қызмет бұрын-соңды болмағанын айтады. Үйді онлайн сатып алудың артықшылығы сол – тұрғындар «бір терезе» қағидатына жүгіне алады. Нотариаттық қызметтер бұл жүйеде жоқ, ал келісім-шартты куәландыру Халыққа қызмет көрсету орталықтарында жүргізіледі.

ЗАҢСЫЗ ТЕКСЕРУ

Тексеруге тыйым бар



Әсел
БЕЛДЕУБАЕВА

Алматы қалалық прокуратурасы мегаполистегі 2 мыңнан астам бизнес субъектілерін заңсыз тексеруден қорғап қалды.

Ведомство мәліметінше, Алматы қаласы прокуратурасының бизнес құқықтарын қорғау жөніндегі мобилді тобына жеке кәсіпкер жүгінген. Азық-түлік сатумен айналысатын кәсіпкер полиция оның құжаттамасын тексеруге қаншалықты құқылы екенін білгісі келді. Әуезов ауданы прокуратурасы тәртіп сақшылары аудандық полиция басқармасының бұйрығымен бекітілген профилактикалық іс-шаралар аясында жеке кәсіпкерге тексеруге барғанын анықтады. Шара аясында барлығы 6 базарды және 824 басқа сауда орындарын (2 мыңнан астам кәсіпкер) қамту көзделген. «ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 140-бабына сәйкес бизнес субъектісіне бару және қажетті ақпаратты талап ету тексеру шаралары болып саналады. Елімізде кәсіпкерлік нысандарын тексеру бойынша мораторий енгізілген. Соған байланысты прокуратураның қадағалау актісі бойынша полиция бұйрығына өзгерістер енгізілді, базарлар мен өзге де сауда орындарын, сатушыларды бақылау туралы талаптар алынып тасталды», – деп хабарлады прокуратурадан. Кінәлілер тәртіптік жауапқа тартылды.

МЕРЕКЕДЕ – МЕЙІРІМ

Әлеуметтік мәселе – басты назарда



Суреттерді түсірген Samat СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Қала тұрғындары үшін маңызды мәселелердің бірі – алматылықтарды әлеуметтік қорғау, өнім бағаларының негізсіз өсуіне жол бермеу және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Алматы қаласының әкімдігі аталған бағыт бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Бұл туралы Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы әкімінің орынбасары Максат ҚИҚЫМОВ хабарлады.

Қалада бағаны ұстап тұру бойынша негізгі қолданыстағы механизм – «айналым сызбасы» бойынша жеңілдетілген қарыздар беру. Аталған механизм шеңберінде кәсіпкерлік субъектілері өнімге қойылған шекті бағаларды бекіту ретінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын (ӨМАТ) іске асыру бойынша өздеріне күрделі міндеттемелер алады, бұл ретте қарыздар бойынша бөлінген ақшаларды әріптестер қала бюджетіне қайтарады.

Шекті бағаларды бекіту

ӨМАТ-қа өнімнің Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен 19 түрі жатады. Олар: 1 сұрыпты ұн, қарақұмық, күріш, рожки, күнбағыс майы және сары май, құс еті, сиыр еті, сүт, айран, ірімшік, 1 санатты жұмыртқа, қант, тұз, нан, картоп, пияз, қырыққабат, сәбіз.

«Айналым сызбасының» шеңберінде қарыздар берілді, соның нәтижесінде ӨМАТ-тың 60 мың тоннадан астам көлемде 19 позициясы бойынша бағалары ұсталып тұр, бұл қала бойынша бағаны 35%-ға төмендетуге мүмкіндік берді. Осы бағытта Магнум желісінің 54 сауда орны, Тоймарт сауда желісінің 14 сауда орны, Асыл еттің 5 дүкені қамтылды.

Сонымен қатар, берілген «айналым сызбасы» тамақ өнеркәсібі өнімдерінің сату бағаларын бекітуге мүмкіндік берді.

• «Asyl Meat» ЖШС 2022 жылдың 1 маусымына дейін 5 фирмалық дүкенде бір келісі үшін 2050 теңгеден бекітілген баға бойынша сиыр етін (жауырын-төс бөлігі) сатады.

• «Алсад Казахстан» ЖШС «Магнум», «Смолл» және «Тоймарт» сауда желілері арқылы сөрелерде 10 данасы 440 теңге болып бекітілген баға бойынша 1 санатты тауық жұмыртқасын сатуды жүзеге асырады. 1 санатты жұмыртқаның бағасы статистика бағасынан 8%-ға төмен (орташа баға – он данасы үшін 479 теңге).

Халық үшін қолжетімді бағамен ӨМАТ-тың атауларының ұсынымын арттыру үшін қаланың 7 негізгі базарында (Көк базар, Жаңа Ақбұлақ (көтерме базар), Сарыарқа, Тастақ, Таусамалы, Алматы-1, Түркісіб жәрмеңкесі) әлеуметтік дүкендер ашылды, онда төмендетілген бағамен ӨМАТ-тың 10 атауы (картоп, сәбіз, пияз және қырыққабат, қант, қарақұмық жармасы, күнбағыс майы, күріш, рожки, ұн) сатылады, бұл сауда жасаушылар арасында бәсекелік отаны құрайды.

Сондай-ақ, «Ет дүкендері» жобасы іске қосылды, онда қолжетімді бағамен сиыр етін және қой етін сату жүзеге асырылады, бағаны тұрақтандыру бір келісі үшін 2050 теңгеде сиыр етінің жауырын-төс бөлігі бойынша ұйымдастырылған. Қазір «Жұлдыз», «Түркісіб» базарларында екі сату орны жұмыс істейді. Қаланың 7 ірі базарында «Ет дүкендерін» ашу жолымен жобаны кеңейту жоспарланып отыр.

Қала азық-түлік нарығында жағдайды жақсарту үшін тұрақты түрде жаңа шешімдер іздестіруде.

Дәрі-дәрмек қоры жеткілікті

Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Максат Қиқымов бүгінгі таңда стационарлар-

да 2209 мың дәрі-дәрмек бар екенін айтты. Бұдан басқа, 736 мың ДЗ көлемінде жеткізу, қала емханаларында 299 мың ДЗ бар, қосымша 199 мың ДЗ түсу күтілуде.

Қазіргі уақытта коронавирустық инфекцияны емдеуге сұранысқа ие дәрі-дәрмектер барлық дәріханаларда бар. Қамтамасыз ету 85–90%-ды құрайды, дәріханалардың қоймаларында 1,3 млн. сұранысқа ие препараттар бар.

Тұрақтандыру қорының қаражаты есебінен 2020 жылғы шілде мен 2021 жылғы қыркүйек аралығында Алматыға жоспарланған 40 млн. ДЗ мен ММБ-дан 58,8 млн. әкелінді, 43,6 млн. іске асырылды. Бұл ретте 8 млн. мөлшерінде төмендетілмейтін қалдық сақталды. Айта кету керек, қаланың медициналық ұйымдары, дәрі-дәрмектер мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың ірі көтерме жеткізушілері, сондай-ақ қаланың бөлшек сауда желілері 2020 жылғы тәжірибені ескере отырып, сұраныстың ықтимал өсуіне алдын ала дайындалып, өз қоймаларында қорлар қалыптастырады.

Көмек – маңызды бағдар

Брифинг барысында Тұңғыш Президент күніне және Тәуелсіздік күніне орай «Nalyk» қорымен бірлесіп 2 мың азық-түлік жиынтығын беру жоспарланып отырғаны айтылды.

Алматы қаласының Әлеуметтік әлауқат басқармасы демалушылар мен меценаттардың қолдауымен аз қамтылған отбасылардан шыққан 541 467 адамға азық-түлік жиынтығы, киім, аяқ киім, кресло-арба, ыстық тамақ, ойыншықтар, үйге қажетті заттар, тұрмыстық техника, спорт секцияларындағы сабақтар түрінде және т.б. қайырымдылық көмектер көрсетті.

ҚР Тәуелсіздік күнін мерекелеу қарсаңында Алматы қаласының әкімдігі тиісті құжаттары бар Желтоқсан оқиғасына қатысушыларға жыл сайын бір-жолғы әлеуметтік көмек төлейді (150 мың теңге). Қазіргі уақытта санаторлық-курорттық емделуі ұсыну мәселесі қарастырылып жатыр.

Әлеуметтік қорғау мақсатында Алматы қаласында тіркелген және тұратын басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне:

1. Санаторлық-курорттық емделу – жан басына шаққандағы орташа табысты есепке алмай, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін есепке алмай, алатын зейнетақы мөлшерінің 25%-ын төлей отырып;

2. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні-



не орай 100 мың теңге мөлшерінде бір-жолғы әлеуметтік көмек көрсету.

3. Сондай-ақ, Алматы қаласында қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жүру үшін жеңілдікті электрондық көлік карталары енгізілді (тегін).

Қиын өмірлік жағдайда қалған адамдар (тұрғылықты мекенжайы жоқ) «Пана» әлеуметтік бейімдеу орталығына жүгіне алады, мекенжайы: Дундич көшесі, 2 Б. Байланыс деректері: 251-37-68.

Орталықта психологиялық, медициналық және заң қызметтері көрсетіледі. Сонымен қатар, мұндай адамдарға құжаттарды қалпына келтіруге, жеке куәлікті алғашқы рәсімдеуге (КСРО-ның қызыл паспорты), отбасыларына оралуға, жасына байланысты зейнетақы рәсімдеуге, мүгедектік тағайындауға, отанына оралуға (Қырғызстан, Өзбекстан және т.б.) көмектеседі.

Зейнеткерлік жас алдындағы адамдарға Халықты жұмыспен қамту орталығында тұрақты жұмыс орындарына тиісті бос жұмыс орындарын іріктеу жүзеге асырылады, сондай-ақ мемлекет субсидиялайтын орындарға – қоғамдық жұмыстарға, әлеуметтік жұмыс орындарына, қысқа мерзімді курстарға, гранттар беруге жолдамалар беріледі. Зейнеткерлік жастағы адамдар жұмыссыз ретінде ресми тіркеусіз жұмыс берушілердің белсенді бос орындарына жіберіледі.

Бұдан басқа, 2022 жылдан бастап Жұмыспен қамту шараларын іске асыру 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоспар шеңберінде жоспарланып отыр, атап айтқанда, жұмыссыздық кезеңі 1 жылдан асатын зейнетақы алдындағы жастағы адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша «күміс жас» жаңа бағытын енгізу көзделіп отыр (МЗЖ негізінде тексеру). Ұзақтығы: азамат зейнетке шыққанша 24 айға дейін. Субсидия мөлшері: қатысушының жалақысын 50%-ға дейін, бірақ 1 ЕТЖ (60 мың теңге) аспайтын мөлшерде бірлесіп қаржыландыру.

Алматыда туристік инфрақұрылымды дамыту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Туризм – экономика тетігі

Алматыда туристік инфрақұрылымды дамытуға үлкен көңіл бөлінуде. Туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тау бағыттарының шалғай тораптық учаскелерінде спутниктік байланысы бар (құтқару жасақтарына дабыл беру түймелерімен) және таулы жерлерде туристік навигацияның бірыңғай жүйесі бар 15 тау үйшіктерін орнату аяқталуда. Мемлекет басшысының қадірлік әлеуеті дамыту жөніндегі тапсырмасын орындау үшін гидтер және экскурсоводтарға арналған семинарлар, әуежай, теміржол вокзалдары қызметкерлеріне арналған фасилитациялық тренингтер және басқа да біліктілікті арттыру бойынша тренингтер ұйымдастырылады. Мысалы, биыл қызмет көрсету саласының қызметкерлері үшін ағылшын тілі бойынша онлайн-курстар өткізіледі.

Сонымен қатар, кемпинг-аймақтарды құру бойынша да жұмыстар жүргізілуде: осы жылдың соңына дейін «Горельник», «Просвещенец», «Қызылсай», «Казачка» және «Лунная» алаңы жайластырылатын болады. Бүгінде «Қайың тоғайында» бір кемпинг-аймақ орнатылған.

Сондай-ақ, осы жылдың қараша айында «BI Group» компаниясы жалпы ұзындығы 23 шақырым келесі тау жолдарын абаттандыру жобасының ІІ кезеңін аяқтады:

1. Медеу – Кімасар асуы – Фурманов шыңы – Панорама шыңы; 2. Каменское плато – Көкжайлау; 3. Алма-Арасан – Көкжайлау.

Алматы қаласы Туризм басқармасының жоспарында қалаға туристердің келуінің көрсеткіштерін арттыру көзделуде. Алматыдағы туристік ағынды қалпына келтіру үшін фокустық нарықтарда ақпараттық жұмыстар жүргізілді. Алматыны онлайн және офлайн форматында ілгерілету 2022-2023 жылдары туристер ағынын ұлғайтады деп күтілуде.



Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

ҰЛТТЫҚ НАМЫС – ҰЛЫ ҰҒЫМ!

Тұңғыш Президент күні мерекесіне орай біз оқырмандарымыздың назарына Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ел арасына тарап кеткен, «Алматы ақшамында» жарияланып жүрген Отан, Тәуелсіздік, Қазақ тілі, ұлттық мүдде мен ел бірлігі, жер тұтастығы, ұлтаралық жарастық жайлы жан тебіреністері мен ғақлиялық пайымдауларынан әзірленген тағылымдық топтаманың бір парасын ұсынып отырмыз. Бұл ой-толғаныстардың астарында ата-бабалар рухына, Тәуелсіздік мұраттарына, ұлттық руханият пен салт-санаға, дәстүрге, Ана тілімізге деген құрмет бар, замандастарымыз бен жас ұрпақты елдік мұраттарға қайрау бар...

*Дүниеде тәуелсіз Қазақ елі бар.
Әлемде егемен Қазақстан бар.
Оның көп ұлтты, тату,
ынтымақшыл халқы бар.
Қуатты экономикасы,
сенімді саяси жүйесі бар.
Ең бастысы – бүгіннен нұрлы,
бүгіннен кемел болашағы бар.
Сол күнге берік сенімі бар!*

Біз бабаларымыз аңсаған Тәуелсіздікке қол жеткізіп, Ұлы дала төсінде әлем мойындаған мемлекет құрдық.

XXI ғасыр қазақ халқының жұлдызы жанатын ғасыр болатынына сенемін.

Біздің Отанымыз біреу, Тәуелсіздігіміз – біздің басты байлығымыз, оны әрбір азамат көзінің қарашығындай сақтауы тиіс.

Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман.

Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, өзін қамшылауға тиісті.

Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ.

Мемлекетіміздің діңгегі – қазақ халқы. Ел де, жер де – қазақтыкі. Ел болудың ұяты да біздің жұрттың мойнында.

Ең бастысы, тату-тәтті ынтымағы жарасқан көп ұлтты халқымыз бар. Ел дегенде, жер дегенде – білегін сыбанып, іске дайын тұрған азаматтарымыз бар. Сан ғасырлар бойы талай теперішті көрсе де, жайсаң жанын, әсем әнін, күмбір күйін, әдемі әдет-ғұрпын, таза тілін сақтаған ұлтымыз бар. Міне, біздің басты байлығымыз – осы.

Тәуелсіздіктің қайта оралғаны – біздің ата-бабаларымыздың сан ғасырлық азаттық күресінің заңды өтеуі. Жаратқан Иенің жасаған әділдігі. Ата-бабаларымыздың осыншама байтақ жерді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалғанының арқасы.

Бүгінгі біздің тәуелсіздігіміздің қайнар



«Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!»

көзі – қазақ халқының сан ғасырлар бойғы күресінде, азаттыққа ұмтылған қайсарлығында жатыр.

Бойында қаны бар, намысы бар әрбір азамат: «Енді тәуелсіздікті қалай кемелдендіреміз, елдің көсегесін қайтсек көгертеміз?!» деп ой-санасын қамшылауы керек.

Халық кешпейтін бір-ақ нәрсе бар: елдің қолына зарықтырып келіп қонған бақыт құсынан – Тәуелсіздіктен айырылуды кешпейді.

Басқаға жалтақтайтын күннен кеттік. Бар байлығымызды өзімізге бұйыратын еттік. Қоғамның саяси тұрақтылығы мен бірлігіне жеттік. Қысқасы, егемен ел болудың ең ауыр белесінен өттік.


Біз мемлекет құрдық. Құрғанда да, аты бар да заты жоқ мемлекет емес, бүкіл адамзат танытын, танып қана қоймаған, мойындайтын, құрметтейтін мемлекет құра алдық.

Қазақстанның тәуелсіздігі бейбіт жолмен келді. Бұл – азаттық үшін алысқан мың-мыңдаған азаматтардың қасиетті қанының өтеуі. Бұл – бүкіл тарихында өзгерлерге қиянат жасау дегенді білмеген халықтың пейілінің қайтарымы.

Маған ары үшін жанын садаға ететін осындай текті халыққа, мені ұлым деп, перзентім деп төбесіне көтерген халыққа, арғы-бергідегі қазақ баласының бірде-бірінің пешенесіне бұйырмаған бақытты – толыққанды, тәуелсіз мемлекет құрудың басында болу бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық ештеңенің керегі жоқ, осы жолда мен бойымда-

ғы бар қайрат-қабілетімді, білім-білігімді аямай жұмсаймын, қандай тәуекелге де барамын.

Біздің ұрпақ алдында бабалар қол жеткізген игіліктерді сақтау, қайта қалпына келтірілген мемлекеттігімізді нығайту және дүниежүзілік қауымдастық талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтерілу міндеті тұр.



Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін.

Ұлтты күшейтудің бірінші тетігі – тіл.

Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде.

Ана тілін қадірлеу – әр азаматтың перзенттік парызы.

Бізге Ана тілімізден асқан тарихи мұра жоқ. Ендеше, оны жан аямай қастерлеуден асқан биік парыз жоқ.

Әр елдегі қазақ әр елдің тілін мықтап игерсе, ол – білім. Ол шет ел тілінде сөйлесе – тіпті жақсы. Бірақ он шет ел тіліне орап, ана тілін тұншықтырып, көміп тастаса – ол кешірілмес күнә.

Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі.

Ата-бабаларымыз бізге бірліктің, ынтымақтың, тұтастықтың ұлы үлгісін көрсетіп кетті. Қазақстанның арғы-бергі тарихының ең ғибратты тағылымы, міне, осында.

Қазақты еш уақытта сырттан жау алған емес, ала алған емес, қазақ әлсіресе – алауыздықтан әлсіреген, күшейсе – бірліктен күшейген.

Ұлылар қашан да халықты рухани асылдандырып отырған.

Ұлылардың ұлағатын ұмытпау – ел боламыз деген халықтың тарих алдындағы парызы.

Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республиканың жер бетінде барлығы үшін тарихтың әр тұсында осы елді, осы жерді қорғаған қайсар жандардың аруағының алдында қашан да қарыздармыз.

Бүгінгі біздің тәуелсіздігіміздің қайнар көзі – қазақ халқының сан ғасырлар бойғы күресінде, азаттыққа ұмтылған қайсарлығында жатыр.

«Қандастарымызға қаратып айтар жайдың тағы бірі – тарихи Отанына оралған ағайын, ең алдымен, «Қазақстаным маған не береді?» деп емес, «Мен Қазақстаныма не беремін?» деп ойланғаны да дұрыс болар еді.



ЕЛІН СҮЙГЕН, ЕЛІ СҮЙГЕН ЕЛБАСЫ

1991 жылы 1 желтоқсанда өткен бүкілхалықтық сайлаудың бүтінгі қазақ мемлекеттігінің тарихында алар орны ерекше зор

Халықтың болашағы мемлекетімен тығыз байланысты екендігін ешқашан ұмытпауымыз қажет. Биліктің қайнар көзі – халық, халық сол арқылы өз мемлекетін қалыптастырады, мемлекеттің ең жоғарғы басқару органының өкілі – Президентін сайлап алады. Сондықтан да халық пен мемлекет ұғымдары бір-бірінен ажырамас ұғымдар қатарына жатады.

МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕ

Жалпы, әлемдік тарихқа көз жүгіртсек, қазіргі кезеңде дүние жүзінің ондаған елінде президент күні мереке ретінде аталынып өтеді. Олардың бәрінде де ол мерекеге негіз ретінде сол елдердегі мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосқан көрнекті тарихи тұлғаларға деген құрмет алынған екен.

Біздің елімізде де бұл мерекеге негіз ретінде ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың Қазақ Елі алдындағы сіңірген еңбегі, дербес қазақ мемлекетінің құрылуы мен қалыптасуына, мемлекеттіліктің дамуына қосқан зор үлесі алынып отыр. Тереңдеп қарасақ, бұл мерекенің төрінде мемлекеттілік пен оны қалыптастырған және басқарып, белгілі бір нәтижеге жеткізген ресми тұлға – Елбасыға деген құрмет тұр.

Осыдан он жыл бұрын 2011 жылы 10 желтоқсанда ҚР Парламентінің Сенаты «Қазақстан Республикасының мерекелері туралы» Заңына толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылдап, онда 1 желтоқсанды – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні деп белгіледі. Сөйтіп, тәуелсіз Қазақстанның қазіргі заман тарихында жаңа мемлекеттік мереке пайда болды. Алғаш рет Тұңғыш Президент күні 2012 жылдың 1 желтоқсанынан бастап елімізде мемлекеттік мерекеге айналды. Биыл бұл мереке тоғызыншы рет аталып өткелі отыр.

ЖОҒАРЫ ДЕНГЕЙДЕГІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Мемлекеттің рөлі мен маңызын түсіну үшін, алдымен оның анықтамасына назар аударып көрейік. Мемлекет, ол – өзін қалыптастырған халықтың өмір сүріп отырған аумағында еркін дамуына жағдайлар жасайтын, ортақ мақсат жолында қоғамды ұйымдастыратын және басқаратын жоғары деңгейдегі басқару жүйесі болып табылады. Оның негізгі міндеттеріне – ел мен жердің тұтастығын сақтау және қорғау, шекара тыныштығын қамтамасыз ету, ішкі қоғамдық қатынастарды реттеу мен дамыту, сыртқы қарым-қатынастарды ретке келтіру, материалдық және рухани құндылықтарды сақтау мен дамыту және тағы басқалары кіреді. Бұл арада материалдық құндылыққа экономика, жер байлығы, көлік қатынасы, халықтың әл-ауқаты және т.с.с. жатқызсақ, халықтың тілі, діні, ділі, дәстүрі, тарихы, әдебиеті, өнері сияқты ұлттың өзегін қалыптастыратын факторлар.

Енді тарихтың терең қойнауына бармай-ақ, соңғы жарты мың жылдық дәуірдегі қазақ мемлекеттілігінің тарихына көз салсақ, ұлттық сипаттағы қазақ мемлекеті – Қазақ хандығы құрылып, бір орталықтан басқарылатын орталық билік сақталған кезеңдерде халқымыздың қандай жағдайда болғандығын көрсететін ауыз әдебиетінің материалдары күні бүгінге дейін бізге жетіп отыр. Сол дәуірден қалған «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман», «Бақасы қойдай, балығы тайдай», «Қозысы мен бөрісі



тату болған» деген және тағы басқа сөз тіркестері мен мәтелдері мемлекеттілігі қуатты болған қазақ қоғамының, халықтың жағдайының қандай болғандығын көрсетсе керек. Ал одан кейінгі XVIII ғасырда орталық билік жойылып, қазақ мемлекеттілігінде терең саяси дағдарыс орын алып, билеуші топ арасында алауыздықтар орын алған кезеңдегі халық жағдайын «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» сияқты сөз тіркесі мен қайғылы «Елім-ай» әні дәл көрсетеді. Ал XIX ғасырдың бірінші ширегінде хандық биліктің жойылуы, қазақ жерінде мемлекеттіліктің түбегейлі күйрегенін көрсетеді де, елі мен жерінен айырылған халықтың ауыз әдебиетінде ол жағдай – қазақ әдебиетіндегі «Зар заман» ағымымен сипатталады.

Осыдан-ақ көріп отырғанымыздай, қазақ халқының тарихи жадында мемлекеттілікке деген сұраныс өте басым орын алады. Сол себепті де, мемлекет, мемлекеттілік, хан, хандық билік деген ұғымдар халық санасында қастерлі ұғымдарға жатады.

ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒЫШАРТТАРЫ

Бүгінгі таңда Қазақ мемлекеттілігін қалыптастырып отырған қазақ халқы мемлекеттіліктің қадірін әбден түсінген, сезінген халық деп ойлаймын. XVIII ғасырдың басында ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен ғасырлар бойы өмір сүрген қазақ мемлекеттілігі алдыменен, саяси бытыраңқылыққа ұшырап, одан кейін жартылай тәуелсіздікке түседі де, XIX ғасырдың бірінші ширегінде түбегейлі жойылады. Одан кейінгі жылдары Қазақ мемлекеттілігін қалпына келтіру үшін болған күрестер жеңіліске ұшырайды. Ал XX ғасыр басында Алаш автономиясының (1917–1920 ж.ж.) құрылуы

мен оның өмір сүруі, одан кейінгі жылдардағы Қазақ АССР-і (1920–1936 ж.ж.) және Қазақ КСР-і (1936–1991 ж.ж.) – қазақ мемлекеттілігінің тәуелсіздікке апарар жолындағы баспалдақтары болды. Мәскеу қаласындағы КСРО Орталық билігінің әлсіреуі мен күйреуі және қазақ халқының дербестікке ұмтылуы 1991 жылы желтоқсан айында қазақ мемлекеттілігінің дербес, азат болып, қайта өмірге келуіне жол ашты.

Мемлекет құрылымдық жүйе де, оның әртүрлі деңгейлері мен салаларында жұмыс жасайтындар – билік жүйесін қалыптастырады. Ал олардың бәрін басқаратын жүйе – Президенттік басқару жүйесі. Бұл жүйені басқаратын лауазым – Ата Заң бойынша – Президент. 1991 жылы 1 желтоқсанда бүкілхалықтық сайлау арқылы Президент болған Н.Назарбаевтың қазіргі замандағы қазақ мемлекеттігінің тарихында алар орны ерекше.

МАҢЫЗЫ ЗОР БАТЫЛ ШЕШІМДЕР

Енді Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың Қазақ Елі тарихындағы аса жоғары маңызға ие шешімдеріне назар аударарлық.

1990 жылы сәуірде Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің шешімімен Президент билігін алған Н.Назарбаев сол жылдың 25 қазанында Қазақ КСР-ның Егемендігі туралы Декларацияға қол қойды. Бұл дегеніміз – Қазақ Елінің түпкі мақсаты – Тәуелсіз Ел болу екендігін көрсетеді. 1991 жылы шілдеде америкалық «Шеврон» мұнай компаниясы мен КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігі арасындағы Каспийдің солтүстік бөлігіндегі Теңіз мұнай кен орнын игеру жөніндегі келісімдерді тоқтатып, америкалық компаниямен Қазақ КСР-інің келіссөздер

Біздің дәйектеме:

1991 жылы 1 желтоқсанда – жалпы халықтық сайлау арқылы Президент болу, 10 желтоқсанда – Қазақ КСР атауын Қазақстан Республикасы деп өзгерту, 16 желтоқсанда – Тәуелсіздік туралы заңға қол қою, одан кейінгі 1992 жылы наурызда – Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болу, 1992 жылы 7 мамырда – Қазақстан Қарулы күштерін құру, 1992 жылы 4 маусымда – Мемлекеттік рәміздерді қабылдау, 1992 жылы 29 қыркүйекте – Дүние жүзі қазақтарының құрылтайын өткізу, 1993 жылы 15 қарашада – тәуелсіздігіміздің символдарының бірі – теңгені айналымға енгізу, 1993 жылы және 1995 жылы – Ата Заңды қабылдау және осындай мемлекетіміз бен халқымыздың тағдыршешер сәттеріндегі құжаттардың бәрінде бір ғана қол – Президент қолы тұр.

Қазіргі күнде Қазақ Елінің қол жеткізіп отырған жетістіктерінің бәрі сол кезеңдегі Президент шешімдері мен жарлықтарының нәтижесі болып отыр. Бұл ақиқат деректерді ешкім жоққа шығара алмайды.

Міне, сондықтан да ел тарихында президенттік билік жүйесінің және Тұңғыш Президент болған тарихи тұлға Нұрсұлтан Назарбаевтың рөлі ерекше зор. Тұңғыш Президент күні сияқты маңызды мемлекеттік мерекелерді атап өту ең алдымен, халық санасында мемлекеттіліктің маңызын одан әрі айшықтап көрсету үшін, жас ұрпақты мемлекетін сүюге, мемлекетшілдік рухта тәрбиелеу үшін, олардың бойында мемлекеттілік сананы сіңдіру үшін, мемлекеттікке деген құрметті көрсету үшін маңызды болып табылады.

жүргізуіне қол жеткізеді. Сол кездегі батыл шешімнің оң нәтижелерін Қазақ Елі бүгінгі күндері көріп отыр. 1991 жылы 29 тамызда Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы Жарлықтың өзі нағыз Тәуелсіз мемлекеттің шешімімен тең.

Берекет
КӘРІБАЕВ,
ҚР ҰҒА академигі,
профессор,
тарих ғылымының
докторы.





Қазақстанда жыл сайын 1 желтоқсанда Тұңғыш Президент күні аталып өтеді. Мерекеге орай Елбасы атымен аталатын көшелер мен мұражайларға, мектептер мен жоғары оқу орындарына шолу жасап көрейік.



Динара
МҰРАТ

Қазақстан Тұңғыш Президентінің есімі қазақтың «нұр» (сәуле, шуақ) және арабтың «султе» (билеуші) деген сөздерінің бірігуінен құралған. Ислам діні түркі топырағына сіңіп, тамырлана бастаған тұста «сұлтан» сөзі билік лауазымы ретінде қабылданды. Елбасы отбасындағы көптен күткен тұла бойы тұңғышы болғандықтан, қуанышқа жиналған туыстары балаға ат таңдауда түрлі есім ұсынды. Ақыры сәбидің әжесі Мырзабала: «Менің сүйікті немерем бір мезгілде Нұр және Сұлтан деген екі есімді аркалап жүрсін, оның есімі Нұрсұлтан болсын», – деп атын өзі қойған екен. Ал қазір Нұрсұлтан есімі – саяси қайраткерлер есімдері арасында ең танымалы. Қазақстанда мемлекеттің Тұңғыш Президентінің атымен аталған ұлдар мен ер адамдар саны 44 мыңнан асады. Ал оның «Елбасы» титулы 67 баланың туу туралы куәлігінде жазылған.



ЕҢ ТАНЫМАЛ ЕСІМ

Әуежай мен мұражай

Ел астанасы – Нұрсұлтан Назарбаевтың жеке бастамасымен салынған қала. Сондықтан бұл жерде бұрынғы Президенттің есімімен байланысты көптеген нысандар бары таңқаларлық дүние емес. Мысалы, Қазақстандағы Елбасы есімімен аталатын жалғыз әуежай, кітапхана мен мұражай да осында орналасқан.

2017 жылдан бастап елордаға ұшып келген туристер мен қонақтар «Нұрсұлтан Назарбаев» халықаралық әуежайына қонады. Елорданың әуе қақпасын қайта атау идеясын Премьер-Министр Кеңсесінің қазіргі басшысы, ал сол кезде Nur Otan партиясы төрағасының бірінші орынбасары Дархан Кәлетәев ұсынды.

2012 жылы Тұңғыш Президент кітапханасы жұмыс істейтін Назарбаев орталығы ашылды. Сондай-ақ, онда шетелдік әріптестерінің

Н.Назарбаевқа берген сыйлықтары қойылған мұражай бар. Астанада 2005 жылы ашылған Қазақстанның Тұңғыш Президентінің жеке мұражайы да бар. Экспозицияға мұрағаттық құжаттар, Назарбаев жазған кітаптар мен оның марапаттарының коллекциясы қойылған.



Білім ордалары

Еліміздегі бірталай білім беру мекемелері де Тұңғыш Президенттің есімімен аталады. Назарбаев Зияткерлік мектептері – арнайы кешенді емтихан тапсыру арқылы ғана оқуға түсуге болатын сапалы білім ордасы. Алғашқы мектеп 2009 жылы Нұр-Сұлтанда ашылып, кейінірек мектептер желісі бүкіл елге таралды. Қазір олардың саны

20-ға жетті. Бір жылдан кейін елордада Назарбаев Университеті ашылды. Оның Жоғары қамқоршылық кеңесінің төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлының өзі болды. Сонымен қатар, Ұлттық қорғаныс университеті де ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының құрметіне аталған. Қазақстанда Тұңғыш Президент атында 2 жоғары оқу орны бар.

Демалыс орындары мен алаңдар



Еліміздің кейбір қалаларында Тұңғыш Президенттің құрметіне ашылған демалыс орындары, саябақтар мен алаңдар бар. Жалпы есептегенде 4 саябақ, 1 алаң тіркелген.

Соның бірі – Алматыда 2010 жылы ашылған Тұңғыш Президент саябағы. Бір жылдан кейін онда Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған «Қазақстан» монументалды-мүсіндік композициясы пайда болды. Ескерткіштің ортасында Назарбаев мүсіні тұр. Ақтөбеде көшенің аты берілмесе де, Елбасының атындағы саябақ бар. Мұнда Алматыдағы сияқты, 2010 жылы Тұңғыш Президент саябағы ашылды.

Ауданы 10 гектардан асатын ең үлкен қалалық саябақ Қызылордада 2007 жылы ашылды. Оның ортасында Мемлекеттік рәміздер алаңы орналасқан. Қызылорда саябағының кіреберіс аркасы мен безендірілуі Алматыдағымен бірдей. Таразда да өзіндік Президенттік саябақ бар. Алматы мен Қызылордадағы парктерге ұқсатып салынған тараздық саябақ шағын тоған мен ашық аспан астындағы кинотеатрмен ерекшеленеді.

Ал Елбасы атымен аталатын еліміздегі жалғыз алаң Оралға тиесілі. Оның ауданы 7 гектарды құрайды. Саябақ қолданысқа 2016 жылы берілгенімен, оған Елбасы есімі 2018 жылы ғана берілген. Облыстық мәслихат депутаттарының бірауыздан қабылдаған шешімімен алаңға Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті атауы берілді.



Ірі көшелерге есімі берілген

2019 жылғы 20 наурызда Президенттің міндетін атқарушы Қ.Тоқаев қалалардың орталық көшелері мен Астананың атауын Назарбаевтың құрметіне өзгертуді ұсынды. Дәл осы сәттен бастап жаңа Президенттің тапсырмасымен еліміздің ірі 18 қаласының 14-індегі негізгі көшелерге Елбасы есімі берілді.

Көп ұзамай еліміздің Өскемен, Павлодар, Талдықорған, Орал, Атырау, Қызылорда, Қарағанды, Петропавл, Көкшетау, Қостанай, Шымкент, Тараз қалаларының көшелері мен даңғылдары Нұрсұлтан Назарбаевтың құрметіне аталды.

Көше атауларын өзгерту туралы шешімді қалалық мәслихат депутаттары қабылдады.

Оның алдында Алматыдағы басты көшелердің бірі Фурманов көшесі Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы болып өзгерген болатын.

Қазақстанның Тұңғыш Президентінің құрметіне шет елдерде де оннан астам көше аталды. Түркияның Адана, Невшехир, Кыршехир, Гебзе қалаларында төрт даңғыл Назарбаевтың есімімен аталады. Сондай-ақ, Қазан, Грозный, Магас және Аммандағы көшелер Қазақстан басшысының есімімен аталған.



Нұрсұлтан шыңы мен қоры

1998 жылдан бастап Іле Алатауының бұрынғы Комсомол шыңы қазір Нұрсұлтан шыңы деп аталады. Оның биіктігі – 4330,9 метр.

Сондай-ақ, Алматыда 2000 жылы Нұрсұлтан Назарбаевтың жеке бастамасымен құрылған ҚР Тұңғыш Президенті Қорының коммерциялық емес ұйымы жұмыс істейді. Қор түрлі мәдени, ғылыми және әлеуметтік жобаларды жүзеге асырумен айналысады.

Сонымен,
Қазақстанда
Нұрсұлтан
Назарбаев
есімі
берілген



14 көше,
4 саябақ,
1 алаң,
20 мектеп,
1 әуежай,
1 кітапхана, мұражай,
1 тарихи-мәдени орталық,
1 тау шыңы мен қор бар.

Тарихи-мәдени орталық

Нұрсұлтан Назарбаевтың өмірбаянында ерекше орын алатын Теміртау өңірінде 2011 жылы Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығы ашылды. Оның экспозициясы Назарбаев өмірбаянының призмасы арқылы Қазақстан Магниткасының қалыптасу тарихын ашады.

Бірақ барлық экспонаттар металлургиямен байланысты емес. Мысалы, 2018 жылы мұражайда Назарбаевтың алғашқы қызметтік автокөліктерінің бірі – брондалған Mercedes пайда болды. Бұрынғы Президент аталмыш көлігімен өңірлер бойынша ресми сапарлар жасап, жоғары шенді қонақтарды қарсы алған.



Тәуелсіздік шежіресі Тұңғыш Президентіміз – Елбасының тарихи тұлғасымен тығыз байланысты. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – жаңа дәуірдегі Қазақстанның негізін қалаған ұлы қайраткер. Оның есімі жасампаздық жылнамасына Қазақ мемлекетінің авторы ретінде жазылды.

Елбасы көптеген халықаралық бастама көтеріп, мемлекетімізді жаһандық саясаттың төріне шығарды. Оны бүкіл әлем ұлы саясаткер, тарихи тұлға ретінде біледі. Қасиетті Отанымыз – Қазақстанның бүгінгі және ертеңгі ұрпағы осындай ұлт перзентіне қарап, бой түзейді.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті.

«ПРЕЗИДЕНТ НАЗАРБАЕВ» ҚЫЗҒАЛДАҒЫ

ӘЛЕМ СЫЙЛАҒАН АЛҒЫС ГҮЛ немесе атамекенге оралған қызғалдақ

2014 жылы Еуропаның Гаага қаласында қырмызы қызғалдаққа Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімі берілген болатын. Мұны Елбасымызға әлем сыйлаған алғыс гүлі деп бағалауға болады. Себебі, Нұрсұлтан Назарбаев әлемді қарусыздандыру мен ядролық қарусыз дүние құрудың жаңа кезеңін бастаған әлемдегі тұңғыш саясаткер болды. Қырғи-қабақ соғыстың ауыр зардабынан туншыға бастаған дүниеге жаңа дем берді. Сондықтан бұл еңбекті әлемнің бағалауы орынды қадам.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

«Президент Назарбаев» қызғалдағының тұқымдары елімізге өткен жылы Голландиядан әкелініп, алғаш рет отырғызылды. Қырдың топырағынан нәр алды дейтін сол қырмызы қызғалдақтың нәзіктігіндей адам үміті де Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен бүр жарды. Голландиялық селекционерлер қызғалдақтың жаңа сортын Нұрсұлтан Назарбаевтың Амстердамға сапары кезінде таныстырған еді.

Қызғалдақты отырғызған, күтумен айналысатын «Грин лэнд» компаниясы өкілінің айтуынша, «Президент Назарбаев» қызғалдағын сатып алу мүмкіндігі қарастырылмаған. Тек Алматының саябақтарынан ғана тамашалауға болады. Компания директоры Гүлзада Қалдыбаеваның айтуынша, «Президент Назарбаевтың» он мың шамының құны екі миллион теңге, бұл шамамен алты мың долларды құрайды.

Алматыдағы «Жас натуралистер станциясының» директоры Зейнеп Арышева қызғалдақтың бұл сорты бойы биік, суыққа төзімді, сабағы мығым болып келетінін айтады.

– Ол өте ұзын, аяғы мықты, толқынды жапырақты болып келеді, Грейг қызғалдағына ұқсайды, бірақ дақтары жоқ. Бойы ерекше биік, ал ашылған кезде олардың өзгеше лилия тәрізді күлтесі болады, ішкі

жағы сары және иісі өте жағымды, – дейді Зейнеп Арышева.

Отандық ғалымдар бұл қызғалдақтың бүр жарған туған мекені о бастан Қазақстан екенін айтады. Сол себептен, гүлдің Тұңғыш Президент есімін иеленуі өте дұрыс шешім екенін жеткізді.

– Қазақстан – қызғалдақтың отаны болып саналатынын ғалымдар ғылыми еңбектерде дәлелдеген және Елбасы өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында да ерекше атап өтті. Қазақстан жерінен алғаш рет дала қызғалдақтары XVIII ғасырда түрік падишахтары арқылы Түркияға, одан әрі Австрия мен Голландияға таратылды. Қазіргі кезде Голландия елі қызғалдақтың түрлі сорттарын шығаруда. Елбасы Н.Назарбаевтың мақаласы шыққаннан кейін Голландияда 3 түрлі сортты қызғалдақтың түрі дайындалды. Атап айтқанда, «Президент Назарбаев», «Республика Казахстан», «Астана» сорттары, – дейді биология ғылымының кандидаты Бахадур Юсупов.

Әлемнің Елбасыға сыйлаған алғыс гүлін «атамекеніне оралған қызғалдақ» деп атауға болады. Сан ғасырлар бұрын елімізде бүр жарып, бой көтерген қызғалдақ сорты, әлемнің әйгілі гүлдерінің қатарына еніп, өзімізге сый ретінде қайтып келді. Бұл Тұңғыш Президентіміздің жеңісті де жемісті еңбегінің арқасы. Қазір туған жерінің ыстық топырағына оралған «Президент Назарбаев» қызғалдағы Нұрсұлтан Назарбаев нығайтқан егемен елдей көркейіп келеді.





ӘЛЕМ ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ

Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 30 жыл! Бұл отыз жылда Ұлы Дала Елі ғасырға бергісіз жолды жүріп өтті. Бүгінде әлемнің өркениетті елдерінің арасында даму-дың ғажайып брендтерінің біріне айналған «Қазақстандық даму моделін» дүние жүзінің сарапшылары Тұңғыш Президентіміздің есімімен байланыстырады.

Елбасы әлем көшбасшыларының пікірінше мемлекеттіліктің жаңа тарихи моделін қалыптастырған ерекше тұлға. Нұрсұлтан Назарбаевтың стратегиялық бастамалары мен саясаткерлік тұлғасы жайлы әлем елдерінің көшбасшылары, мемлекет және қоғам қайраткерлері не дейді? Бүгінгі мерекелік нөмірімізде «Алматы ақшамында» әр жылдары жарияланып жүрген сол пікірлерді оқырмандарымыздың назарына және бір ұсынуды жөн көрдік.

Түркі жұртының ақсақалы

Нұрсұлтан Назарбаев – өз заманының аса көрнекті тұлғасы және түркі жұртының ақсақалы. Біз Нұрсұлтан Назарбаевтың халықаралық бастамаларына әрқашанда ашықпыз әрі зор құрметпен қабылдаймыз. Нұрсұлтан Назарбаевтың барша түркі халықтарының басын біріктіріп, бауырлас түрік елімен қарым-қатынасты нығайтуға сіңірген ерен еңбегін атап өтпеуге болмайды.

Реджеп ЕРДОҒАН,
Түрік Республикасының Президенті.

Миллиондаған ресейліктер шынайы құрмет тұтады

Сіз интеграциялық үдерістерде, әсіресе, оның ең мәнді нысандары мен түрлері бойынша сөзсіз көшбасшысыз. Қазақстанның қол жеткізген табыстары Сіздің атыңызбен тікелей байланысты. Сіздің еңбегіңізді өз отандастарыңыз ғана емес, миллиондаған ресейліктер де шынайы құрмет тұтады. Сіз еуразиялық кеңістіктегі интеграциялық үдерістердің нағыз архитекторы болып есептелесіз.

Мені қатты таңқалдыратыны – оның заман тынысын тап басып танитыны. Бұл қасиет – бүгінгі әлемді дөп басып сезіне алатын қасиет оған қайдан дарыған? Ол адал да әділ. Бір мәселелерді талқылағанда, әрдайым қатардағы адамдарға бұл қалай тиеді деп ойлап тұрады.

Владимир ПУТИН,
Ресей Федерациясының Президенті.

Қытай елі жақсы біледі және аса құрметтейді

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің бастамашысы – Нұрсұлтан Назарбаев. Біз оның үлкен саяси көрегендігі мен аймақтық қауіпсіздік пен әлемдегі бейбітшілікті қамтамасыз етуді өзінің парызы санайтын қасиетіне тәнтіміз. АӨШК-ні құру туралы идеяны алғаш рет Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында жария еткен болатын. Бұл бастама бүгінде өз өміршендігін дәлелдеп, Азия елдері арасында беделі биік, абыройы асқақ, ауқымды ұйымға ұласты.

Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасында біздің елдеріміздің арасында әріптестіктің мықты іргетасы қаланған. Назарбаев елдеріміздің достығын нығайту үшін қаншама жыл аянбай еңбек етті. Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынасты дамытуға зор үлес қосқан Нұрсұлтан Назарбаевты Қытай елі жақсы біледі және аса құрметтейді.

Си Цзиньпин,
Қытай Халық Республикасының Төрағасы.

Түркі әлемінің лидері

Түркия Қазақстанның экономикалық реформаларын жіті қадағалап отырады. Сіздің күш-жігеріңіздің арқасында Қазақстан тәуелсіздік жылдарында Орталық Азияның жарық жұлдызына – беделді, сенімді әрі қуатты мемлекетке айналды. Астананың құрылыс жұмыстарына түрік компаниялары мен жұмысшыларының да үлес қосуын түрік-қазақ ынтымақтастығының ең әсем нышандарының бірі ретінде бағалаймыз. Нұрсұлтан Назарбаев – Түркі әлемінің лидері.

Абдуллах ГҮЛ,
Түрік Республикасының 11-ші Президенті.

Халықаралық қоғамдастықтың аса беделді саясаткерлерінің бірі

Ашық-жарқындығы, шыншылдығы, тартымдылығы, адамға сүйіспеншілігі – мұның бәрі де Нұрсұлтан Әбішұлының табиғатына тән қасиеттер. Қазақ жұртының, елінің көп ұлтты халқының алдындағы, тарихтың алдындағы жоғары жауапкершілік сезімі оның бойынан әмәнда ажыраған емес. Ол ұлы ұйымдастырушы ретінде Қазақ-

танды Кеңестен кейінгі кеңістіктің дамыған мемлекеттерінің біріне айналдырды. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық саладағы табыстары тағылым аларлық. Нағыз басшы ғана осындай нәтижелерге жете алады, бұл жағынан алғанда, Нұрсұлтан Әбішұлы – өз халқының даусыз басшысы. Ол – ТМД мен халықаралық қоғамдастықтың аса беделді саясаткерлерінің бірі деп санауға әбден лайық.

Эмомали РАХМОН,
Тәжікстан Президенті.

«Қазақстанның жолы болды, оларда Назарбаев бар ғой»

Көптеген әлемдік сарапшылар экономикалық дағдарыс аяқталған соң Қазақстанды өте тамаша жарқын болашақ күтіп тұрғанын болжап отыр. Олар мұны жүргізіліп жатқан экономикалық реформалармен және елдің шикізаттық байлығымен байланыстырады. Қазақстанға деген сенімнің кепілдігі – өте танымал жалпұлттық лидер, экономикалық және әлеуметтік реформалар жүргізуде мол тәжірибесі бар Назарбаев болып табылады. Ол расында да ақыл-парасаты, күш-қуаты жағынан титандық тұлға. Халық арасынан шығып, өз еңбегімен, қажыр-қайратымен жалпыпланетарлық деңгейге көтерілген адам. Бүгінде бұрынғы КСРО аумағында, бүкіл Еуразия құрлығында да саяси қуаты мен ойлау өресі жағынан Назарбаевқа тең келер адам жоқ. 2005 жылы ресейліктер оны ТМД лидерлерінің арасындағы ең танымал саясаткер ретінде «жыл адамы» деп атады. Содан бері Қазақстан Президентінің беделі жылдан-жылға өсіп келеді. Мен қызмет бабымен Ресей мен Қазақстан аймақтарын жиі аралап жүремін, әңгіме барысында адамдар: «Қазақстанның жолы болды, оларда Назарбаев бар ғой» деген жүрекжарды пікірлерімен бөліседі. Қазір Нұрсұлтан Назарбаев посткеңестік кеңістіктің басты саяси лидер-интеграторына айналды. Оның мемлекеттердің Евразиялық Одақ форматына бірігуі туралы бастамасының өзі неге тұрады. Мен ерте ме, кеш пе, Қазақстан Президенті өз идеяларын жаңа – метамемлекеттік деңгейде жүзеге асырудың тарихи мүмкіндігіне ие боларына сенімдімін. Меніңше, Қазақстан көрсетіп отырған көшбасшылық моделдің табысты динамикасы әлі көп елдерге үлгі болады.

Юрий СОЛОЗОВОВ,
саясаттанушы.

Көрегендігі мен көшбасшылығы үшін ризашылығымды білдіремін

Мен Назарбаевқа ЭКСПО–2017 арқылы энергетикалық қауіпсіздік мәселелері бойынша жаһандық ұнқатысуды ілгерілетудегі көрегендігі мен көшбасшылығы үшін ризашылығымды білдіремін. Өзара құрмет пен ортақ мүдделерге негізделген АҚШ пен Қазақстан арасындағы стратегиялық әріптестіктің әрі қарай нығаю түсетініне үміттенемін.

Дональд ТРАМП,
АҚШ-тың бұрынғы Президенті.

Ол Қазақстан үшін көп шаруа тындырды

Біз Қазақстандағы Конституциялық өзгерістерді мұқият қарап отырамыз, олар өте жақсы қадам болып табылады. Қазақстан өңірді демократиялық болашаққа бастай алады деп санаймыз. Президент Назарбаев мықты лидер, ол Қазақстан үшін көп шаруа тындырды, өңірдің қалай дамуға тиісті екенін нақты білгендіктен Назарбаев Орталық Азия үшін де көп нәрсе жасай алады.

Кондолиза РАЙС,
АҚШ-тың бұрынғы Мемлекеттік хатшысы.

Қалтқысыз құрметтейді

Қытай Қазақстан халқының өзінің ішкі болмысына сәйкес таңдаған даму жолын қалтқысыз құрметтейді. Қазақстанның экономикалық дамуға ұмтылу, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету және ұлттық татулыққа қол жеткізу жолындағы күш-жігерін қолдайды.

Ху Цзиньтао,
ҚХР Төрағасы (2003–2013 жылдар).

Әсерлі, ықпалды көшбасшы

Мен таңғы сағат үште өз бөлмеме жеткенде, Назарбаевпен өткізген үш сағаттық жүздесуім бұрын болған кездесулердің ішіндегі ең жақсысы екенін сезіндім. Ол әсерлі, ықпалды көшбасшы, оны асыра бағалау мүмкін емес... Назарбаев не қажет екенін жақсы түсінеді және істі қалай жүргізу, оны қалайша жолға қою керектігін нақты түсінеді.

Джеймс БЕЙКЕР,
АҚШ-тың бұрынғы Мемлекеттік хатшысы.

Талантты саясаткер және дана дипломат

Барлық елдердің басшылары Нұрсұлтан Назарбаевтан үлгі алып, оның жолымен жүруі тиіс. Мен БҰҰ-ның Бас хатшысы ретінде ядролық сынақ алаңының қақ жүрегінде тұрып, барлық әлем елдерін Қазақстаннан үлгі алуға шақырамын... Мен Семейде болдым. Ол өңірге жасаған сапарым мен үшін баға жетпес тәжірибе. Семей полигонындағы сынақтар барысында зардап шеккен миллиондаған адамдардың қасіреті мен ондағы экологиялық ахуалдың қиындықтарын суреттеуге тіл жетпейді. Тіпті, оны елестетудің өзі аса ауыр. Егер Сіздің көрегендігіңіз бен басшылығыңыз болмаса, кім білсін, қазір де миллиондаған адам сол қасіретті бастан өткеріп жатқан болар ма еді? Мен Сізге Семей ядролық сынақ алаңын жапқан және Қазақстан аумағында барлық ядролық инфрақұрылымдарды жойған ұлттың басшысы ретінде шексіз ризалығымды айтқым келеді... Ядролық сынақтарды тоқтатып, ядролық қарулардан ада болу қажеттігін әлемге жар салып айтушы рөліне Жер бетінде Сізден лайық адам жоқ.

Назарбаев әлемдік саясаттағы бітімгер саясаткер. Оның саяси шешімдері әлем басшылары үшін үлгі болуы тиіс.

Пан Ги МУН,
Біріккен Ұлттар Ұйымының бұрынғы Бас хатшысы.

Даналықтың өнегесі

Егер Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси ұзақ ғұмырының табиғаты туралы айтар болсақ, ел ішіндегілер де, Қазақстаннан тыс жерлердегілер де Назарбаев билігінің ізгі қасиеттерін санамалайтындығында емес, мәселе мүлдем басқада. Бұл саясаткердің ұмытылмас ұлы күші мен ерекшелігі мынада – жылдар өткен сайын ол даналықтың өнегесіне айналып, тәжірибелі, жігерлі және креативті бола түседі.

Ролан ДЮМА,
Францияның бұрынғы сыртқы қатынастар министрі.

Тамаша тағылым

Тәуелсіздік алған күннен беріде Қазақстанның айтарлықтай экономикалық прогреске қолы жетті. Қазіргі кезде нарыққа бағдарланған, ашық та айқын инвестициялық ауан туғызу айрықша маңыз алып келеді. Мұның өзі Қазақстанның бүгінге дейін қолы жеткен табыстарын қомақты ете түсуге жәрдемдеседі, сондай-ақ Орталық Азияның басқа мемлекеттері үшін тамаша тағылым болады...

Энтони Чарльз Линтон БЛЭР,
Ұлыбританияның экс-премьер-министрі.

Талантты әрі табанды тұлға

...Қазақстан танданарлық табыстарға жетті, өз басым мұны мүлде күтпеген едім. Сіздер өздеріңіздің барлық көршілеріңізден озық шықтыңыздар, әрі олардан ғана озып қойған жоксыздар.

Президент Назарбаев – түрлі республикалардың ішіндегі кесек тұлға. Қазақстан басшысы – керекінше қатал, қағілез әрі батыл кісі, өзіне тартып тұратын, талантты әрі табанды тұлға, ол бұрынғы Одақтың басқа да республикалары таныған жетекші. Егер Назарбаев республика басында тұрса, Қазақстанның табысқа жету мүмкіндігі көп болмақ.

Ли Куан Ю,
Сингапур үкіметінің бұрынғы аға министрі.



ЛЕБІЗДЕР



Рая
ЕСКЕНДІР

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевпен бірге оқып, сыныптасы болудың өзі үлкен мәртебе. Бала күннен бірге өскен достар бүгінде атағы әлемге мәшһүр, көреген Көшбасшымен бірге оқып, бірге өскендерін әркез сағынышпен айтып отырады. Елбасының балалық шағынан бастап, мемлекет қайраткері атанып, есімі шартарапқа танылған сәтіне дейін куә болған сыныптастарының Нұрсұлтан Әбішұлы туралы естеліктері қашан да ыстық ықыласқа толы.



Тәуелсіздік – еліміздің жаңа дәуірінде қол жеткізген барлық табысының қайнар көзі. Отыз жыл ішінде Алматы қаласында тұрғындардың әл-ауқаты көтеріліп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасалды.



АЛМАТЫ: ТӘУЕЛСІЗДІК БЕЛЕСТЕРІ



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматыдағы Республика алаңында Қазақстан Тәуелсіздігіне бес жыл толуына орай Тәуелсіздік монументі орнатылған. Қанатты барыстың үстіндегі алтын адам мемлекеттік биліктің мықтылығын білдіреді. Тәуелсіздік монументін сегіз колонна – мұнара айналдыра қоршап тұр. Бұл да тегін емес, әрбір колонна Алматы қаласының 1 ауданын білдіреді. Бүгінгі таңда Алматы қаласы 8 ауданнан тұрады.

Қаланың мәдени өмірі бай және әрқилы. Көп ұлтты Алматыда қазақ, орыс, ұйғыр, корей, неміс театрлары жұмыс істейді. Алматылықтардың бос уақытын өткізетін сүйікті орны Орталық саябақ. Мұнда ғасырлық ағаштар қазіргі заманғы аттракциондармен қатар бой түзеп, тоған орнына керемет аквапарк орналасқан.

1892 жылы орманшы ғалым Э.Бауманның бастамасымен жасанды жасыл алқап, орман саябағы – қазіргі Бауман тоғайы отырғызылды. Мегаполистің жасыл алқабы алуан түрлілігімен ерекшеленеді – өсімдіктің 50-ден астам түрі бар. Жасыл алқаптардан бағалы экзотикалық өсімдіктерді де кездестіруге болады. Бүгінгі Алматыда 145 гектардан астам алаңды алып жатқан 40-тан астам саябақ пен бақ бар.

Алматы елдегі ЖІӨ бойынша көшбасшы, сонымен қатар мемлекеттік бюджеттің ең ірі доноры. Қала экономикасының жылдам өсуі қалалықтардың өмір сүру сапасына оң әсер етті. Тәуелсіздік жылдары өмір сүру ұзақтығы 75,4 жасқа дейін өсті. Мемлекеттің жұмыспен қамту шараларын қолдаудағы белсенді рөлі жұмыссыздық деңгейін төмендетуге көмектесті. Алматыда өмір сүру жағдайының жақсаруы бала туу мен халықтың сырттан көп келуіне әсер етті. Қаланың көліктік қолжетімділігіне де ерекше назар аударылады – 2000 жылдан бері Алматыда 40-қа жуық негізгі инфрақұрылымдық жоба бой көтерді: метро, жолайрықтар, туннельдер, эстакадалар.

Тәуелсіздік алған кезде Қазақстанда 61 жоғары оқу орны жұмыс істеді. Бүгінде олардың саны 125. Оның ішінде Алматыда 39–31%. Осылайша бүгінгі таңда біздің мегаполисте әрбір төртінші студент, екінші бакалавриат және екінші докторант білім алады. Республика бойынша жоғары оқу орындарында 604 мыңнан астам студент оқиды, оның 27%-ы немесе 163 мың Алматы университеттерінде жоғары білім алады.

Алматыда De Montfort University Kazakhstan халықаралық университеті ашылды. ЖОО ректоры Дж. Паундер Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевпен кездесіп, жұмыстың перспективалық жоспарларын талқылады. Мәселен, оқу бағдарламасына АТ, креативті индустрия бойынша мамандықтар енгізіледі. Бұл бағыттарға Алматының 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясында ерекше көңіл бөлінген. Бұл Қазақстанда оқытуға лицензия алған және үздік білім беру стандартын енгізу үшін құрылған алғашқы шетелдік университет. Түлектерге DMU Лестер Университеті (Ұлыбритания) дәрежесі беріледі. «Біздің жастарымыз Алматыдан кетпей-ақ беделді жоғары оқу орнында жоғары білім алу мүмкіндігіне ие болады. Қызығушылық білдіргендер аз емес. Бірінші курсқа 700 талапкер үміткер болды. Бакалавриатқа 145 студент түсті. Келесі жылдан бастап магистратура ашылады», – деп атап өтті Б.Сағынтаев. «Халықаралық жоғары оқу орнының Алматыда ашылуы мегаполисті әлемдік білім беру қалаларының қатарына қосады. Әлемге әйгілі университеттің құрылуы алты ай бұрын басталып, міне аяқталды. Бір кездері арман болған идея жүзеге асырылды», – деп жазды қала әкімі Б.Сағынтаев өзінің Facebook-тегі парақшасында.

Алматы қаласы еліміздің ғана емес, Орталық Азияның қаржылық орталығы. Қаржы институттарын дамыту шаһарға қосымша қаржы тартуға үлкен септігін тигізеді. Бүгінде бірқатар банк астанаға көшкенімен, жеке тұлғаларды алсақ, қолма-қол емес төлемнің 50 пайыздан астамы осында жасалады. Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламалар бойынша қала үлкен үлес қосып жатыр. Ал Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында Қазақстан халқының саны тарихи межеге жетіп отыр. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, қазірдің өзінде қазақстандықтар 19 миллионға жетті. Ал Алматы халқының саны екі миллионнан асты.

СЫНЫПТАСТАР

Олар Елбасымен бірге оқып, бірге өскендерін әркез сағынышпен айтып отырады

Фарзина НАУРЫЗБАЕВА

БҮЛ ӘРКІМГЕ БҰЙЫРА БЕРМЕЙТІН БАҚЫТ

Бүгінде Алматы қаласында тұрып жатырмын. Ұзақ жылдар бойы сауда саласында табысты еңбек еттім. Қазақстанның Тұңғыш Президентімен бірге оқыған көп баланың бірі болсам да, әрдайым әдемі естеліктер айтып, өткен күндерді еске алып отырғанды ұнатамын.

Біздің Елбасымыз туралы естеліктер өте көп қой. Дегенмен, бірге оқып, балалық шағымыз да бірге өткендіктен, біздің әңгімеміз де, естелігіміз де көбіне ортақ болып келеді. Арада қаншама жылдар өтсе де, Нұрсұлтанды ең алғашқы көрген сәтім есімде сақталып қалыпты. Бірде біздің сыныпқа қасында өзі уақыттары ойынға, келбеті келіскен, ашандау бір бала келіп кірді. Мұғалімнің айтуынша, олар Шамалғандағы Абай атындағы мектептен келген екен. Жаңадан келген соң біз де оларды ортаға тартып, танысуға ниет қылдық. Әлгі балалардың ішіндегі ашығы да, пысығы да осы Нұрсұлтан болып шықты. Ол бөтен орта ғой демей, дереу танысып, бәрімізді бұрыннан білетіндей жылдам араласып кетті.

Ол кез өте қиын, соғыстан кейінгі уақыт қой. Елдің бәрінің жағдайы бірдей, естерін енді жинап жатқан кез. Жаңадан келген балалардың интернатқа орналасқанын білдік. Қазіргідей жағдай ол кезде жоқ. Интернаттағы балалардың жағдайы белгілі. Көбіне бос уақыттары ойынға, әңгімеге кетеді. Осыны байқаса керек, Әлжан апамыз аптасына бір емес, екі-үш рет келіп, Сұлтаннның сабағын тексеріп тұратын.

Содан бір күні Әлжан апам тосыннан келіп, балалардың гуілдеп жатқанының үстінен түседі. «Бұл қалай, сабақты осылай оқи ма екен?», – деп, Нұрсұлтанды интернатқа су таситын егде кісінің үйіне орналастырып кетеді. Сонымен не керек, әңгімесі әдемі, өзі жан-жақты білімді, көп білетін Сұлтанмыз әлгі кісінің үйінде жатып оқитын болды.

Сұлтан өте зерек болғандықтан сабаққа үнемі дайын отыратын. Мұғалім сабақ сұраса, ұшып тұрып, мүдірместен жауап беретін. Тіпті, сабақ айтқан кезінде біз біле бермейтін жаңалықтарды мысал етіп айтқанда, қайран қалатынбыз. Сұлтаннның айтқанын ұйып тыңдайтынбыз. Сондықтан біз «мұғалім, сабақты Сұлтан айтсыншы» дейтінбіз. Сұлтаннның тағы бір қасиеті – сабағын нашар оқитын балаларды төмендетпей, қайта оларға көмектесіп, қамқорлап жүретін. Сұлтаннның біреумен төбелесіп, не болмаса ерегісіп тұрғанын көрмейтін. Ондай әдетке жаны қас болатын. Шекісіп қалған балаларды сөзбен тоқтатып, достастырып жіберетін. Мектептегі іс-шараның басы-қасында жүріп, мерекелік парадты басқаратын. Қиын кез болса да, Сұлтаннның чемоданы толы кітап болатын. Қашан көрсек қолынан кітабы түспей, шұқшынып оқып отыратын. Менің үйім Қаскелеңнің кіреберісінде болды. Сол үшін орталықтағы мектепке барып оқитын

едім. Сыныптағы балалардың ересегі болғандықтан шығар, үнемі болып жатқан жағдайды маған баяндап отыратын.

«Балалық шағымның аспаны» дейтін Елбасымыз туралы кино өте сәтті шыққан туынды. Міне, сол кино біздің шынайы өмірімізді көрсетті. Сол кинодағы Арай Еркебаева менің ең жақын құрбым болды. Әдемі, ұзын бойлы, ашаң жүзді қыз болатын. Сыныптастарымыз үнемі Сұлтан екеуін қосатын. Түрлі кеш ұйымдастырып, соңынан би билейміз, сол кезде Сұлтан танго, вальсті керемет билеп, ұршықша үйірілетін. Маңдайы ашық, өзі келбетті жігіт қой, билеген кезде тіпті жайнап кететін. Осы киноны бәріміз жиналып барып көрдік. Көзімізге жас алдық, әрқайсымыз өзімізді танып, мәз болдық.

Біз 1958 жылы мектепті бітіргенде Сұлтан бүкіл сыныпты үйіне шақырды. Содан таңға дейін дуылдасып, ұзақ отырдық. Өте көңілді отырыс болды. Сұлтан гармошка, домбыра тартып, ән салды. Балалық шақпен қоштасып, әп-сәтте есейіп кеткендейміз. Сосын дастархан басында отырдық. Әлжан апам дастарханға май, бауырсақ, қант, кара шәй әкеп қойды. Ол кездегі дастарханнның ең төресі осы болатын. Сондықтан барымен базар деп, әзіліміз жарасып, ойнап-күліп, таң алдында таркастық. Ертеңіне Сұлтан Днепрпетровскіге кетті. Содан кейін Қарағандыға ауысты деп естідік. Сосын Алматыға келді. Нұрекеннің әрбір қызметіне, жеткен жетістігіне біз үнемі қуанып отыратынбыз. Кезінде түбі біздің арамыздан осы Сұлтан биікке қол жеткізеді деп оған тілекші болсақ, ол да соған сай сыныптың емес, ұлтының мақтанышына айналды. Сұлтаннның танымал тұлға болатынын біз сол кезде білдік пе, білмедік пе екен?..

Осыдан біраз жыл бұрын, 1996 жылы бірге оқыған сыныптастар Жамбылдың 150 жылдығында кездескен едік. Барлық сыныптастардың отбасына арнайы шақырту жіберілді. Сол жолы барлығымыздың басымыздың қосылғаны болды. Керемет көкпарды барлығымыз тамашалап, сосын арнайы тігілген аппақ киіз үйге жиналды. Сол жерде ән айтылды, күй тартылды, әдемі әзіл де айтылды. Бізбен оқыған Ұлдана деген қыз болатын. Нұрекеннің «Ұлдана, сенің даусыңды сағындым. Ән айтшы», – дегені. Осы сәт барлығымыз үшін тебірениске толы болды. Тура мектепте жүрген кездегідей сезіндік. Ұлдана әнін аяқтай сала, Нұрекен әнге басты...

Өте керемет отырыс болды. Бір жарым сағат бойы Нұрекен отбасымыз, бала-шағаларымыз туралы сұрады. Барлығымыздың аты-жөнімізді, мінез-қылықтарымыз туралы айтқанда, жадының мықтылығына қайран қалдық. Кімнің немен айналысып жүргенін де сұрап білді. Қайтарда кимастықпен қоштастық. Бүгінде бір сыныпта оқыған 42 баланың біразы о дүниеге аттанып кетті. Біз Тұңғыш Президенттің сыныптасы ретінде тарихта қалдық. Бұл әркімге бұйыра бермейтін бақыт. Мен үнемі Нұрекен туралы немере-шөбереме, дос-жаранға, көрші-қоланға, барлық өзім танитын кісілерге мақтанышпен әңгімелеп отырамын.

Рая СИРАЗИТДИНОВА

МЕН ДЕ ОНЫ ТЫҢДАП, СОҢЫНАН ЕРГІМ КЕЛЕТІН

Тұңғыш Президентпен бірге оқыған сыныптастардың тағдыры әртүрлі болды. Біреуі үлкен биікке жетсе, біреуі қарапайым өмір сүрді. Мен бүкіл өмірімді педагогика саласына арнадым. Зейнеткерлікке шыққанға дейін Қаскелеңдегі мектепте физика-математика пәнінің мұғалімі болып жұмыс істедім.

Жолдасым екеуіміз ҚазПИ-ді бітірдік, мен физматты, ол – тарих – филология факультетін тәмамдады. Жас маман ретінде институттан кейін бізді шалғайдағы мал жайылым учаскесіне жіберген еді. Осылайша біз алғаш рет өз еңбек жолымызды бастадық. Бірнеше жылдан кейін ғана Қаскелеңге оралдық. Жалпы, өмірде болсын, еңбек жолымда болсын, әркез сыныптасым Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбексүйгіштігін, табандылығын үлгі етіп отыратынмын. Үнемі алға ұмтылып, түбі көздеген мақсатқа жетуге болатынын жоспарлаушы едім. Мұндай асыл қасиетті мен сыныптасым болған Сұлтаннан үйрендім.

Нұрсұлтан Назарбаев мектепте де көшбасшы болды. Өз бетінше талап қоя білді, өзге балаларға үлгі болды. Ол үнемі белсенді болды. Мен де оны тыңдап, сонынан ергім келетін. Міне, осы қасиеттерінің арқасында ол тәуелсіз республиканың негізін қалап, бүкіл әлемнің құрметіне бөленді.

Гая ЖЕКЕНБАЕВА

БІЗГЕ ҮЛКЕН ЖАЗАПҚЕРШІЛІК ЖҮКТЕЙДІ

Біз Елбасымен бір сыныпта оқыдық. Бір интернатта тәрбиелендік. Ол кезде телевизор, телефон деген атымен жоқ. Оқу ісінің меңгерушісі Сейітхан ағайымыз радиодан тілшілер келсе, «Нұрсұлтан сөйлесін» дейтін. Сосын бәріміз радионың төңірегіне жиналып алып, «біздің Нұрсұлтан радиодан сөйлеп жатыр» деп ұйып тыңдайтынбыз. Ол мектептің, мұғалімдердің жағдайы туралы айтатын. Сол кездің өзінде сөзге шешен, өте алғыр болатын. Елбасының сыныптасы болып, бір сыныпта оқыған деген сөздің өзі. Ортамыздан көшбасшы, еліміздің басшысы шыққанына қуанып отырамыз. Әркез осы құрметке лайықты болып жүруге, өзгелерге үлгі болуға тырысамыз. Бізді жастар жиналған түрлі жиындарға, мерекелерге шақырады. Нұрекен туралы естеліктерімізбен бөлісеміз. Оның ерекше қасиеті туралы сыныптастар бас қосқан кезде де айтып отырамыз. Оқушыларды колхоздың жүгері мен картобын жинауға апарғанда ауыр қапты өзі аркалап, қыздарға «байқап жүріңдер» деп, қамқор болып жүретін.



БІЛІМ

АЛМАТЫДАҒЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ



Рая
ЕСКЕНДІР

Еліміздің қарқынды әлеуметтік-экономикалық дамуы техникалық, басқарушылық және көшбасшылық құзыреті жоғары деңгейдегі мамандарға деген сұранысты

тудырды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша 2008 жылы Зияткерлік мектептер құру жөніндегі жоба қолға алынған еді.

Зияткерлік мектептер бастауыш мектеп, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, негізгі және жоғары мектеп деңгейлері бойынша

Физика-математика бағыты

Алматы қаласында 2014 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен «Тұңғыш Президенттің 20 зияткерлік мектебі» жобасы аясында «физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы ашылды.

Бүгінгі таңда аталмыш мектепте стратегиялық әріптес – Кембридж университетімен бірлесіп әзірленген «NIS – Programme» білім беру бағдарламасы іске асырылуда. Оқу пәндерінің мазмұны жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша қазақстандық және халықаралық бағдарламалардың интеграциясына негізделген.

Мектепте оқушылардың оқу жетістіктері критериялы бағалау жүйесі және критериялы бағалаудың кіріктірілген моделі арқылы іске асырылуда.

Алматыдағы «Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» 864 орынға негізделген. Ғимаратта 7 блок бар, онда 75 оқу сыныбы орналасса, оның ішінде 21 кабинет 24 оқушыға арнап жабдықталған, 54 кабинет 12 оқушыға арналған. Сонымен қатар, математика, STEM, техникалық модельдеу кабинеттері, нано-биотехнологиялар,

робототехника, физика, химия, биология зертханалары, жеке сабақтар мен психологиялық жеңілдететін кабинеттер бар.

Қазіргі уақытта Алматыдағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде 1005 оқушы оқыса, 34 мұғалім-сарапшы, 51 мұғалім-модератор, 50 мұғалім, 25 мұғалім-тағылымгер жұмыс істейді. Олардың қатарында 64 магистр, 4 PhD докторы, 2 ғылым кандидаты, «Болашақ» халықаралық бағдарламасының 3 түлегі, Назарбаев Зияткерлік мектебінің үш түлегі мен Назарбаев Университетінің екі түлегі қызмет етеді.

Сондай-ақ, Алматы қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі 2015 жылдан бастап республика бойынша Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша «Үздік олимпиадалық мектеп» мәртебесіне ие болып отыр.

Зияткерлік мектеп ашылғалы бері 596 оқушы, ал 2021 жылы 31 оқушы Республикалық және Халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегері атанып, 359 оқушы Республикалық және Халықаралық ғылыми жарыстар мен ғылыми жобалар конкурстың жеңімпазы атанды.

Мектеп оқушыларының ағылшын тілін мең-

білім беру бағдарламаларының қазіргі заманғы модельдерін әзірлеудің эксперименттік алаңы болып табылады.

Осылайша еліміздегі инновациялық білім беру бағдарламалары мен ғылыми жобаларды іске асыру үшін қажетті білім беру саласындағы қазіргі заманғы басқару нысандарын енгізіп, академиялық еркіндік пен дербестікті дамыту үшін 2011 жылғы 19 қаңтарда «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Білім мекемелеріне беріліп отырған мәртебе білім беретін оқу бағдарламаларын дербес бекітуге, қабылдау емтихандарына қойылатын талаптарды белгілеуге, үлгерімділікті бақылауға, аралық және қорытынды аттестациялауға құқық береді. Мұндай академиялық еркіндік қағидаты жаңа бағдарламаларды әзірлеуге, байқау өткізуге, орта білім беру жүйесін жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Назарбаев Зияткерлік мектептері – ғылым, экономика және саясат саласында дарынды балаларға арналған таңдаулы мектеп. Бұл мектептердің басты ерекшелігі оқушылардың білімдерін «критериялы бағалау» жүйесімен бағалайды. Жалпы, Зияткерлік мектептерде білім берудің екі моделі жүзеге асырылады. Білім бағдарламасы бойынша оқушылар физика, математика, химия және биология пәндерін тереңдетіп, үш тілде оқиды.

геру деңгейі өте IELTS бойынша орташа ұпайы 7,2 баллды құрайды.

Назарбаев Зияткерлік мектебінің 25 оқушысы өздерінің терең білімдерін дәлелдеп, шетелдік жоғары оқу орындарының (АҚШ, Канада, Германия, Чехия, Эстония, Италия, Венгрия, Ресей, Нидерланды) оқу гранттарын жеңіп алды. Мәселен, Сұлтанәлі Нұрманұлы – Harvard Collage, Изимова Ардана – University of Pennsylvania, Мұсабеков Нұржан – University of Toronto Lester B. Университеті, Ердана Мәуленбай – University of British Columbia (Karen McKellin International Leader of Tomorrow Award), Қалиев Әлібек – Lehigh University, Исабаев Нұржан – Fordham University, Әлихан Аяжан – North-western University, Qatar, Зинешова София – экономиканың жоғары мектебі, Жұмабаева Жәніна – Syracuse University. Назарбаев Университетіне 32 оқушы түсті. Сонымен қатар, мектептің 20 түлегі өз еліміздегі ҚБТУ, СДУ, ҚазҰУ, ҚазҰМУ, ҚРМУ, AlmaU, KIMEP University сияқты қазақстандық жоғары оқу орындарының грантына ие болды.

Аталмыш мектептің үш түлегі Гарвард университетінің білім грантын алды. Ағымдағы оқу жылында Дильназ Камалова Гарвард университетіне шақырту алды.

летті оқушылар тандап алынады. Қазіргі уақытта 790 оқушы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Өркен» грантының иегері атанды. Грантты жеңіп алған 7-8-сынып оқушыларының орташа балы 1000-нан 819-646 аралығында болса, 9-10-сынып оқушыларының орташа балы 60-тан 28,6-23,4 аралығында.

Мектеп мұғалімдерінің құрамы 140-тан астам жоғары білікті мамандардан құралған. Оның ішінде 54 мұғалім – жоғары санатты. Мұғалімдер арасында «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі», Ыбырай Алтынсарин атындағы медаль иегерлері, «Білім беруді дамытуға қосқан үлесі үшін» медальдарының иегерлері бар. АҚШ, Ұлыбритания, Канада, ҚХР сияқты шет мемлекеттерден келген мұғалімдер ағылшын тілінде пәндерден сабақ беріп, мектеп ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарын жүргізетін болады.

Сонымен қатар, Алматы қаласында ашылғалы отырған химия-биология бағытындағы зияткерлік мектеп жоғары оқу орындарымен байланыс орнатып, ғалымдар мен мұғалімдердің бірлескен «Ғылым әлемін ашамыз!» жобасы іске асырылуда. Бұл жоба оқушылардың өнертапқыштық және зерттеушілік дағдыларын қалыптастырып, болашақ жас ғалымдарға өзіндік жеке ғылыми жобаларын жасауға бағыт береді.



Тәуелсіздік – тұғырым



Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Ол – ата-бабамыздың сан ғасырлар бойы аңсаған арманы, үміті мен сенімі, елдігіміздің мызғымас тұғыры.

Қазақстан – тәуелсіз ел. Тәуелсіздік жолында елімізді, жерімізді қорғаған бабаларымыздың басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Қазіргі таңда Тәуелсіздік күні – барлығымыз үшін ерекше қасиетті күн. Бірлік пен татулықтың күні.

Біздің алдымызда тұрған басты міндет – Тәуелсіз Қазақстанның әр жас жеткіншегінің жүрегінде Отанның, жеріне, еліне деген ыстық сезім, шынайы сүйіспеншілік ұялату. Сол себепті де, біз адамзаттық көзқарасы қалыптасқан, әлеуметтік белсенділігі жоғары отаншыл ұрпақ тәрбиелеп өсіруге аса көңіл бөлуіміз керек. Қазіргі жағдайда болашақ ұрпағымызды білімді, мәдениетті, саналы етіп тәрбиелеуде егеменді елімізде қазақ тілін оқыту зор мәнге ие болып отыр.

Қазақ тілін үйрету барысында оқушыларды қазақ елінің салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен таныстыру олардың жан-жақты дамуына, тілге деген көзқарастарын қалыптастыруға көп көмегін тигізеді.

Еліміздің аяғынан нық тұруы, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экономикамыздың жедел қарқынмен дамуы – қазіргі таңда негізгі стратегиялық бағыттар. Алғашқы жылдарда басым мақсаттардың қатарында егемендікті нығайту, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болған еді. Сондықтан Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бері көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көпұлтты Қазақстан халқының ынтымақтастығы – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жүргізген парасатты көреген саясатының нәтижесі.

Отанымыздың болашағы – біздің қолымызда. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу біздің басты бағытымыз болуға тиіс. Ынтымағымыз жарасқан, бірліктегі ел бола берейік. Бұл – мен сияқты мыңдаған қазақ халқының арман-тілегі. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай!

А.ӘЖІБАЙ,

№35 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Алматы қаласы.

Алматы қаласындағы «химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» 2015 жылы 11 тамызда салтанатты түрде ашылды.

Алматы қаласындағы химия-биология бағытында білім беретін Назарбаев Зияткерлік мектебі қала бойынша екінші мектеп болса, республика бойынша он тоғызыншы мектеп.

Бұл мектеп – Қазақстандағы ең ірі білім ошақтарының бірі, 960 оқушыға арналып салынған. Аумағы 5,7 гектардан астам жерді алып жатыр. Ал ғимараттың ауданы – 103 мың шаршы метр. Мектепте екі жабық спорт залдары, бөлек баскетбол және футбол алаңдары, сондай-ақ бақша орналасқан. 9 блоктан құралған мектепте 70 оқу кабинеті мен 25 зертхана қарастырылған. Дәстүрлі оқу кабинеттері мен зертханалармен қатар, мектепте интеграция, техникалық үлгілеу, нано-био-технологиялар, робототехника, жеке сабақтар мен психологиялық жеңілдену кабинеттері бар. Кеңейтілген физика, химия және биология зертханалары халықаралық заманауи талаптарға сәйкес жабдықталған. 270 орынды жатақхана, еліміздің басқа да қалаларынан келген дарынды оқушылардың осы мектепте білім алуына мүмкіндік береді.

Үш залдан тұратын кітапхана оқу-әдістемелік құралдармен, классикалық көркем әде-



биеттермен, медиатекамен жабдықталған. Кітапхана оқушылар ізденіс жұмыстарын жүргізіп, алынған ақпараттарды талдайтын ақпараттық орталық ретінде жұмыс істейді.

Мектепте 480 орынды акт залы, 100 орынды дәрісхана, 50 орынды конференц-зал бар.

Оқушыларға арналған 500 орынды екі асхана бар.

Назарбаев Зияткерлік мектептеріне оқушылар конкурстық іріктеу бойынша болашақта Қазақстандық және шетелдік оқу орындарында білім ала алатын жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша білім алуға кабі-



ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

Жасөспірімдерді COVID-19-ға қарсы вакцинациялау

Ата-аналар не білуі керек?

ҚАЗАҚСТАНДА 12 ЖАСТАН АСҚАН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ ҮШІН КОМИРНАТИ (PFIZER-BIONTECH) ВАКЦИНАСЫНА ҚОЛЖЕТІМДІ

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ COVID-19-ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ ЕРІКТІ ЖӘНЕ ТЕК АТА-АНАЛАРДЫҢ КЕЛІСІМІМЕН ҒАНА ЖҮРГІЗІЛЕДІ

КОМИРНАТИ - МРНҚ-ҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ВАКЦИНА. ОНЫҢ ҚҰРАМЫНДА ТІРІ ВИРУС ЖОҚ

21-28 КҮН АРАЛЫҚПЕН 2 ДОЗАДАН ТҰРАДЫ

COVID-19-БЕН АУЫРЫП ЖАЗЫЛҒАН АДАМДАРДЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУҒА САУЫҚҚАННАН КЕІІН 3 АИДАН СОҢ ЖОЛ БЕРІЛЕДІ

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ АТА-АНАЛАРЫ ҚАЛАУЫ БОЙЫНША ВАКЦИНАЦИЯ ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕ ҚАТЫСА АЛАДЫ

ҚР ДСМ Қолданбалы денсаулық сақтау ұлттық орталығы <https://nls.kz>

Препаратқа арналған нұсқаулық берілген өндірушінің сайты: <https://www.comirnatyeducation.kz/>

Жасөспірімдерді COVID-19-ға қарсы вакцинациялау

Ата-аналар не білуі керек?

Вакцинациялау алдында

Препаратқа арналған нұсқаулықпен танысыңыз. Балаңызда қарсы көрсетілімдердің жоқ екендігіне көз жеткізіңіз. Ақпараттандырылған келісімге қол қойыңыз.

Қарсы көрсетілімдер: 12 жасқа дейін; вакцина компоненттеріне жоғары сезімталдық (оның ішінде сырқатнамада полиэтиленгликольге ауыр аллергияның болуы); инфекциялық аурудың болуы; созылмалы аурулардың асқынуы; иммунитетті бастатын препараттарды қабылдау. Вакцинациялау алдында коронавирусқа антиденелердің болуын тексеру ҚАЖЕТ ЕМЕС.

Вакцинациялау кезінде

- Дәрігер вакцинациялау алдында қарап тексеру жүргізеді.
- Анамнез жинау кезінде дәрігерге ықтимал қарсы көрсетілімдердің бар болуы туралы ескерту керек.
- Өзіңіз және балаңыз дәрігерге вакцинациялау туралы кез келген сұрақты қоюға, қаптамасын қарап тексеруге, нұсқаулықты өзінізбен бірге алуға құқылысыз.
- Вакцинацияны емшара кабинетінде мейіргер жүргізеді.

Жасөспірімдердің жас ерекшеліктеріне қарай оларда дәрі егу салдарынан қорқыныш пен күйзеліске байланысты уақытша және өздігінен кететін реакциялар (мысалы, бас айналу, жүрек соғысының жиілеуі, сирек – естен тану) жиі болуы мүмкін. Мұндай реакцияларды болдырмау үшін отырғызып вакцинациялаған дұрыс. Сонымен қатар жасөспірімге вакцинациялаудан кейін кем дегенде 30 минут егу кабинетінің жанында отыру ұсынылады.

Вакцинациялаудан кейін

- Ең жиі кездесетін жаңа әсерлер – дене қызуының көтерілуі, ине орнының ауыруы, қатты шаршау, қалтырау, бастың ауыруы. Мұның бәрі вакцинаға қалыпты реакциялар, олар 2-3 күн ішінде өтеді. Бұл уақытта жұктемені шектеп, көп демалу керек.
- Температура 38,5°C-тан артқан кезде дене қызуын түсіретін дәрі – парацетамол немесе ибупрофенді пайдалануға болады.

Басқа жағымсыз белгілер пайда болған кезде дәрігерге жүгініңіз және Дәрілік заттарды сараптау ұлттық орталығының <https://www.ndda.kz/category/sideeffects> сайтындағы нұсқаулықты толығымен, өз жағдайыңыз туралы хабарлаңыз.

Препаратқа арналған нұсқаулық берілген өндірушінің сайты: <https://www.comirnatyeducation.kz/>

ALATAY AQPARAT

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 261-59-11, 259-88-99 (ішкі 0318) телефондары арқылы хабарласыңыз

Almaty AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Апталық таралымы – 15 663

Кезекші редактор – Динара МҰРАТ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

ОҚЫРМАНҒА ҚҰЛАҚҚАҒЫС

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылға баспасөзге жазылу жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға бір жылға жазылу керек.

2021 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектердің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 3 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

**«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* *құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;*

* *құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!*

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

**«Almaty aqshamy»
Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**



ТАРТУ

Алматыда «Елбасы саябағы» бар



Сіздер – бақытты жансыздар. Себебі, Алматы сияқты әсем қалада білім алып, гүлденген әрі бүкіл әлемге танымал елде өмір сүріп жатырсыздар. Қазақстан – біздің Отанымыз. Біздің міндетіміз – тәуелсіздігімізді қорғау. Баршаңызға мықты денсаулық, болашақтарыңызға табыс тілеймін.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың құрметіне арналған «Елбасы саябағы» деп аталатын бақ бар. Бұл Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында қазақ білімі мен ғылымының қарашаңырағы – ҚазҰУ-дың Елбасыға жасаған айрықша тартуы болатын. Бүгінде ағаштар аллеясына 300-ге жуық алма, шие, қара өрік ағашы отырғызылған.



Елбасы білім ордасына келген сапарында «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – жаңа Қазақстанның білімі мен ғылымының алдыңғы шебі» деп атап өтіп, ұлттық университеттерге үлкен үмітпен қарайтынын білдірген еді. Сонымен қатар, Тұңғыш Президент республикамыздың басқару

жүйесінде отырған білікті мамандар мен мықты ғалымдардың, дарынды педагогтардың үлкен тобы осы киелі шаңырақтан шыңдалып шыққанын баса айтқан.

Мәдени шараның Алматыны көгалдандыруға қосар үлесі зор. Өйткені, студент-жастар қалашықты көріктендіру мақса-

тында барлық ғимараттар мен жатақхана-лар маңына жеміс ағаштарын отырғызып, гүлден кілем төсеуге дайын. Ендеше, алдағы уақытта Алматы бүгінгіден де сұлу, бүгінгіден де көркем гүл-қалаға айналатынына сенім мол.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

#QAZAQSTAN30



«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»



Саясат БЕЙІСБАЙ,
Философия, саясаттану және
дінтану институтының бөлім
жетекшісі:

– Қасиетті желтоқсан айы қазақтың жүрегіне аса жақын әрі киелі болып көрінеді. Өйткені, тарихымызға көз жүгіртсек, соңғы жүз жылда мемлекет өміріндегі ерекше орны бар оқиғалар осы желтоқсан айында өрбиді. Осы желтоқсан айында «Алаш» автономиясы құрылды. Ұлт көсемдері Әлихан

Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қайраткерлердің ұсынысымен ұйымдастырылған Орынбор съезінде ең бастысы – қазақ мемлекеттігі туралы мәселе қаралды. Ал әйгілі 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі азаттық жолындағы бұрыннан сабақтасып келе жатқан жанкешті күрестердің заңды жалғасы. Өйткені, кеңестік империяны ыдыратуға қуатты соққы жасаған «Желтоқсан» көтерілісі жалынды, соның нәтижесінде Тәуелсіздікке қол жетті. Осындай естен кетпес айтулы даталарға көз жүгіртсек, желтоқсан айы – халқымыздың тарихында ерекше орын алады.



Г. БАРЛЫБАЕВА,
философия ғылымының докторы:

– Тәуелсіздік Қазақстанның сыртқы тағдырында ғана емес, оның мемлекеттік болмысында және экономикалық әл-ауқатында ғана емес, бүкіл рухани келбетінде, дүниежүзілік тарихтағы орны мен маңызын анықтауда шешуші рөл атқарды.

Алаш ойшылдарының шығармашылық мұрасының құндылықтық парадигмасы – тәуелсіздік идеясы еді.

Алашорда ойшылдары халықты құтқару тек білім мен ағартушылыққа ғана емес, ұлттық азаттыққа қол жеткізу мен өзін-өзі билеуде екенін айтты. Олар тәуелсіз ел болғаннан кейін ғана қазақ өзінің шынайы тарихын жасай алатынына терең сенді. XX ғасырдың басындағы қазақтың көрнекті ойшылдары қоғамның ойлауын түбегейлі өзгертті, оған белсенділік, әрекетшілдік, еркіндік идеяларын енгізді.

Бүкіл әлемді шарпыған жаһандану дәуірінде қазақ халқының философиялық мұрасының мәдениеттің жаһандық контекстегі сұхбатында өз орны бар.

Қазақ философиялық ой-пікіріндегі тәуелсіздік идеясы өз дәуірінің шекарасын ығыстырды, ұлттық болмыстың қалыптасуы мен егеменді елдің дамуы жағдайында әрдайым мәнді де құнды. Ішкі болмысы мен өзегі этика болып табылатын Тәуелсіздік идеясы орталығын құраған қазақ философиясы адамгершілік теориясы ғана емес, сонымен қатар, қазіргі рухани және әлеуметтік жаңғыртылатын Қазақстан үшін өмірлік маңызы бар адамгершілік әрекеттер бағдарламасы болып табылады. Өзінің философиялық бастауларына, ежелгі дәуірден бастау алған тәуелсіздік пен бостандық идеясының тарихына деген шынайы қызығушылықтың қайта жаңғыруы қазақ халқының мәдени кодын сақтау және нығайту ретінде халықтың өзіндік санасының өсуіне, оның ұлттық болмысының қалыптасуына ықпал ететіні сөзсіз.

Өзірлеген Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Күнтізбеге қызыл белгімен енген Тұңғыш Президент күні мерекесінің елімізде алар орны ерекше.

Президент күні біздің елімізден бөлек, басқа мемлекеттерде де атап өтіледі. Африканың оңтүстік-батысындағы Ангола мемлекетінде бұл күн «Ұлт батырлары күні» деп аталады. Мереке 17 қыркүйекте Анголаның алғашқы президенті Ангола Агоштиньінің туған күніне орай атап өтіледі. Аз ғана өмірін елінің бейбітшілігін қалыптастыруға арнаған Ангола Агоштиньі халқы үшін үлкен құрметке лайық болды. Сол үшін де мереке «Ұлт батырлары күні» аталады. Бұл күні Ангола халқы елдің алғашқы президентін ғана емес, Ангола мемлекетінің тәуелсіздігі үшін күрескен барлық батырларын еске алып, алғыстарын білдіреді.



Сондай-ақ, Америкада да ақпанның үшінші дүйсенбісінде Президент күні атап өтіледі. Бұл мереке 1880 жылы АҚШ-тың алғашқы президенті Джордж Вашингтонның құрметіне белгіленген. Вашингтон 22 ақпанда дүниеге келгендіктен алғашында америкалықтар мерекені осы күні атап өтіп келді. Кейіннен бұл күні Вашингтон ғана емес, АҚШ-тың 16-президенті Авраам Линкольнді де құрметтеу ұсынылды. Президент күні Вашингтондағы мұражай-үйінде костюмдер шоуы өтіп, халыққа оның сүйікті асы – бал мен май қосылған жүгері торттары ұсынылады.



Королеваның туған күнін Ұлыбритания 8 маусымда атап өтеді. Ұлыбритания басшысы Елизавета II сәуір айында дүниеге келген, бірақ дәстүр бойынша Ұлыбританияда бұл мереке маусымның екінші сенбісінде тойланады. Бұл әдет-ғұрыпты Эдвард VII орнатқан. Патшаның айтуынша, бұл күні ауа райы да мерекені бұза алмайды.



Канадада бұл мереке Виктория патшайымға арналған, олар бұл күнді 24 мамырға жақын, дүйсенбі күні тойлайды. Австралияда Пре-

зидент күні маусымның екінші дүйсенбісінде атап өтіледі, бұл күн шаңғы маусымы басталған уақытқа сәйкес келеді.



Олавура Гримссонның туған күніне орайластырылған. Бұл күні Исландияда мемлекеттік жалаулар көтеріліп, түрлі шаралар ұйымдастырылады. Гримссон 1996 жылы билікке келді және әлі күнге дейін осы лауазымын сақтап келеді.

Исландия президент күнін 14 мамырда атап өтеді. Мереке елдің бесінші президенті



Ал сәуір айының соңында Голландияда ұлттық мереке «Патшайым күні» атап өтіледі. Бұл күн тақтан бас тартқан Беатрикс патшайымның анасы Юлиана ханшайымның туған күнімен байланысты.

Сонымен қатар, Президент күні мерекесін ерекше атап өтетін елдердің бірі – Маршалл аралдары. Бұл мемлекетте Президент күні әр жылдың 17 қарашасында атап өтіледі. Атаулы мереке елдің тұңғыш президенті Имаг Кабуаның туған күніне орайластырылған. Маршалл аралдарының тәуелсіздігін бекітетін біршама келіссөздер жасауға үлкен күш салып, елдің азат, бейбіт өмірі үшін күрескен, сондай-ақ, билік тізгінін уысынан шығармай, бес президенттік мерзім бойы қолында ұстаған саяси тұлғаны халқы мемлекеттің негізін қалаған әкесі ретінде құрмет тұтады.

Газетіміздің келесі саны 4 желтоқсан, сенбі күні шығады.